

#ӘділеттіҚазақстан

Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ



АЛМАТЫ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

5

РУХАНИЯТ



«BILGAMESH» – МӘДЕНИЕТТЕРДІ ЖАҚЫНДАСТЫРАДЫ

6

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



ТОЙЖАРЫСТА ТОП ЖАРҒАНДАР

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.12.2022

Түнде:



-10-12 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
қар. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

25.12.2022

Түнде:



-10-12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз, тұман.

Күндіз:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №153 (6288) 24 желтоқсан, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ ҰЛТ БОЛЫП ОСЫ ҚАСІРЕТТІ ОҚИҒАДАН САБАҚ АЛУЫМЫЗ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Алматыда «Тағзым» мемориалының ашылу рәсіміне қатысты



Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапарымен барып, қаңтар оқиғасының құрбандарына арналған «Тағзым» мемориалының ашылу рәсіміне қатысты.

Президент стеллаға гүл шоғын қойған соң қаңтар оқиғасында қаза тапқан азаматтарды еске алу үшін бір минут үнсіздік жарияланды. Содан кейін Мемлекеттік Гимн орындалды.

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«МЕДЕУДЕ» – МЕРЕКЕЛІК ШАРА



Алматыдағы «Медеу» биік таулы спорт кешенінің 50 жылдығына орай 25 желтоқсанда мұз айдынының аумағында салтанатты мереке өтеді. Мерекелік бағдарлама сағат 15.00-де басталады.



АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматылықтар мен қала қонақтары мәнерлеп сырғанаудан танымал спорт жұлдыздары Роман Костомаров, Евгения Медведева, Татьяна Тотьмянина, Максим Маринин, Оксана Домнина, Максим Шабалин және Морис Квителашвилидің қатысуымен болатын шоу-ды тамашалайды.

Мұз айдыны аумағында бірқатар көңіл көтеретін интерактивті алаңдар мен тарихи аймақтар болады.

Мерекке көрнекті қазақ спортшылары мен жаттықтырушыларының шеруімен ашылады.

Сондай-ақ, мұз айдынында өзінің ерекше бағдарламасымен қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы, 2019 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, 2019 жылғы Қысқы Универсиаданың күміс жүлдегері және II Қысқы жасөспірімдер Олимпиадасының қола жүлдегері Элизабет Тұрсынбаева өнер көрсетеді.

Мерекке аясында Анастасия Игнатъеваның дирижерлік етуімен аты аңызға айналған «Мұзды симфония» мұз балеті мен Илья Овербуктың «Жүрек те жанып тұр» гала-шоуы өтеді. Сондай-ақ, қонақтар қазақтың тұңғыш мұз шоуы «Olympic Show» қойылымын тамашалай алады.

«Медеу» биік таулы спорт кешенінің салтанаты мерекелік түнгі отшашумен аяқталады.

ҚЫСҚА...

- «Медеу» тау спорт кешенінің 50 жылдығына орай 25 желтоқсанда мұз айдыны аумағында салтанатты мереке өтеді.
- Алматы әуежайы 7 миллионыншы жолаушыны қарсы алады.
- Алматыда кәсіпкерлер палатасы жанынан инновациялық және креативті индустрияны дамыту комитеті құрылды.
- Аңсаған сәби: 3 мыңнан астам нәресте дүниесі ашты.
- Алматыда бағаны тұрақтандыруға 15 млрд теңге бөлінді.
- Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметі жайында жаңа кітап жарық көрді.
- Шымбұлаққа тек қана электр қуатымен жүретін көліктер көтеріле алады.
- Қазақстанда «7-20-25» ипотекалық тұрғын үй несиелендіру бағдарламасы жалғасады. Бағдарлама бойынша несиелеу үшін 2023 жылы 100 млрд теңгеге дейін қаражат бөлінеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ ҰЛТ БОЛЫП ОСЫ ҚАСІРЕТТІ ОҚИҒАДАН САБАҚ АЛУЫМЫЗ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Алматыда «Тағзым» мемориалының ашылу рәсіміне қатысты



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде бүгінгі шараның еліміз үшін айрықша мәні бар екенін атап өтіп, қасіретті қаңтардан бері бір жылға жуық уақыт өткенін, бұл тәуелсіздік кезеңіндегі ең күрделі оқиғаның бірі болғанын айтты.

— Сол күндері халқымызға зор қауіп төнді. Мемлекеттігіміздің тұғыры шайқала жаздады. Тіпті, «ел болып қаламыз ба, жоқ па?» деген сұрақ туды. Бірақ біз мызғымас бірлігіміздің арқасында қатердің бетін қайтардық. Елдігімізді таңыттық, мықты мемлекет екенімізді көрсеттік. Ел ішіне іріткі салғысы келген топтарға тосқауыл қойып, жымысқы әрекеттің жолын кестік. Бірқатар қалада өткен бейбіт шерулер жаппай тәртіпсіздікке ұласты. Әсіресе, тәуелсіздігіміздің алтын бесігі — Алматы қаласы қатты зардап шекті. Қарақшылар қаланы қиратты. Күштік құрылымдарға шабуыл жасап, қару-жарақ қоймаларын тонады. Соның кесірінен жазықсыз адамдар опат болды. Қираған дүниені қалпына келтіруге болады. Бірақ үзілген өмір қайта жалғанбайды. Мұндай оқиға ешқашан қайталанбауы үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасап отырмыз. Еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғау — бәріміздің перзенттік парызымыз. Бұл мақсат — Президент ретінде мен үшін ең қасиетті борыш. Тұрақтылық пен татулық болса ғана, осы міндетті ойдағыдай орындай аламыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар қасіреті ел тарихындағы үлкен сынақ ретінде халқымыздың жадында сақталатынын атап өтіп, Алматыда «Тағзым» мемориалын орнатуды жөн көргенін жеткізді.

— Шын мәнінде, бұл ескерткіштің мағынасы терең, маңызы өте зор. Мұнда Қазақ елінің мемлекеттігін нығайту жолындағы қилы кезеңдер көрініс тапқан. Тас тұғырларға әйгілі тұлғаларымыздың өлеңдері және өсиеттері жазылған. Ұлтты ұйыстыратын осы сөздер әрқайсымызға ой салады. Бұл мемориалды қаңтарда қаза болған азаматтардың рухына тағзым ретінде тұрғыздық. Сондай-ақ, оны кейінгі ұрпаққа тағылым болсын деп орнаттық. Мен осы мемориалдың бой көтеруіне атсалысқан сәулетшілерге және барлық азаматтарға ризашылығымды білдіремін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы қандай жағдай болса да, еліміз реформа жолымен ілгері дами беретінін жеткізді.

— Халқымыз мықты мемлекет құруға, қасиетті тәуелсіздігімізді нығайтуға және қорғауға бел бұғанына сенімдімін. Біз саяси жүйені одан әрі демократияландыруға, ұлттық экономиканы монополиядан арылтуға және оның бәсекеге қабілетін арттыруға бағытталған ауқымды реформаларды жалғастырамыз. Жыл басынан бері қысқа мерзім ішінде біраз іс атқарылды. Біз жалпыхалықтық референдум арқылы жаңа Конституциямызды қабылдадық. Қазір алдымызда ауқымды әрі күрделі жұмыс тұр. Біз тұтас ел болып жаңғыру және жаңару жолына аяқ бастық. Әрине, бұл — тек басы ғана, бұл жолдың оңай болмайтыны анық. Бірақ біздің басты мақсатымыз баршаға айқын. Бұл — Әділетті Қазақстанды құру және бәріне бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастыру. Біз әрқашан бірге болсақ, міндетті түрде мақсатымызға жетеміз. Мен бұған көміл сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мыңдаған отандасымыздың — волонтерлердің, дәрігерлер мен полицейлердің және қарапайым

адамдардың қаңтар оқиғасы кезінде шынайы батылдық пен жоғары азаматтық жауапкершіліктің үлгісін көрсеткеніне арнайы тоқталды.

— Олардың көбі бүгінгі салтанатты шараға қатысып отыр. Біз қасіретті қаңтар құрбандары мен нағыз қаһармандарды мәңгі есте сақтаймыз. Бір сөзбен айтқанда, біз ұлт болып осы қасіретті оқиғадан сабақ алуымыз керек. Құқық қорғау органдары және арнаулы құрылымдар ауқымды жұмыс атқарды. Тергеу барысы депутаттардың, Бас прокуратура өкілдерінің және заңгерлер қауымының қатысуымен Парламентте талқыланды. Сол күндердің мән-жайын жан-жақты қарастырып, қамауға алынғандарға заң тұрғысынан көмек көрсету үшін құрамына еліміздің беделді құқық қорғаушылары енген қоғамдық комиссиялар елеулі үлес қосты. Мұның бәрі болған оқиғаға шынайы қарауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде жалған ұрандарға сеніп, қылмыскерлердің ықпалына түскен, алайда, ауыр қылмыс жасамаған азаматтарға менің Жарлығыммен рақымшылық жасалды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сонымен қатар, бұзақыларды, радикалдар мен лаңкестерді батыр етіп көрсетудің қажеті жоқ екенін атап өтті. Оның пікірінше, нағыз батырлар — жұмысшылар, фермерлер, дәрігерлер мен медбикелер, мұғалімдер мен оқытушылар, ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері, кәсіпкерлер мен спортшылар.

Президент сөзін қорытындылай келе қаңтар оқиғасы бәріміз үшін үлкен сабақ болғанын жеткізді.

— Біз құт-берекенің бастауы тұрақтылық екенін ұғындық. Ел тыныштығын сақтай білмесек, дүние бір сәтте астаң-кестең болатынын көрдік.

Тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігімізді күн сайын қорғауымыз қажет екенін сезіндік. «Жау жоқ деме, жар астында» деген сөздің мәнін де жете түсіндік. Ынтымақ пен бірлік болмаса, басқа жетістіктің бәрі бекер екеніне көз жеткіздік. Сондықтан қаңтар қасіреті және сол кезде өмірі қиылған азаматтар біздің жадымызда мәңгі сақталады. Біз ұлт болып ұйыссақ, кез келген қауіп-қатерді еңсере аламыз. Мен Президент ретінде мемлекетіміздің тұтастығын және халқымыздың амандығын сақтау үшін бәрін жасаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Тағзым» мемориалы қаңтар оқиғасының эпицентрі болған жерде салынды. Республика алаңы халқымыз үшін киелі орын саналады. Мемориал тағзым ететін және еске алатын, сондай-ақ халқымыздың даналығын, батылдығы мен күш-қуатын көрсететін орынға айналды.

«Тағзым» мемориалы — көп сатылы сәулет кешені. Бұл ескерткіш әртүрлі түстен тұратын төрт эмоционалды-архитектуралық бөлікке бөлінеді. Атап айтқанда, ақшыл сұр бөлігі еңсеруді, қара түс қаңтар оқиғасы кезіндегі дүрбелең мен үрейді бейнелейді, ал сұр бөлігі — құрбан болғандар мен төгілген қанның, адам шығынының символы, ақ түс тұрақтылық пен дамуға ұмтылуды, қоғамның әл-ауқатын, ұлттың өзін-өзі тануын, күш пен әділетті мемлекетке деген сенімді білдіреді. Әр бөлікте халқымыздың ұлы тұлғаларының қанатты сөздері жазылған тастар мен стеллалар орнатылған.

Жобаның авторлары — қазақстандық жас сәулетшілер Алексей Ивженко және Ғайни Сағидуллаева.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Смағұл ЕЛУБАЙ,
жазушы, Түркі дүниесі
әдеби сыйлығының лауреаты:

Қаңтар қырғыны қайталанбасын!

Қаңтар оқиғасы жалпы, Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ауыр, қанды оқиға болғаны белгілі. Ашу-ызаға булыққан жастарымыз миллиондаған қарапайым халықтың тұрмысындағы әділетсіздік негізінде пайда болған тауқыметтерге қарсы көшеге шықты. Жұмысы жоқ, жағдайы жоқ жастар әділетсіздіктің құрбаны болды. Өкінішке орай, осы тұста қылмыскерлер мен дискривтивті діни ұғым өкілдері Қазақстанда билікті төңкеріп, қолға алмақ болған күштер жастарды пайдаланып кетті. Әлеуметтік мәселелер жастарды саяси майданға қарай бағыттап жіберді. Сөйтіп, олардың алдына шығып, ұрандап, тонауға, ұрлауға, мемлекеттік мекемелерді қиратуға қарай бұрып әкетті. Соның нәтижесінде қозғалысқа қатысқан жастар сол қылмыстық топтың, саяси мақсатты көздеген топтардың құрбанына айналып шыға келді.

Бұл, әрине, өте өкінішті жағдай болды. Мінеки, бұдан қандай қорытынды шығарамыз? Байырғы бабамыздың «Ашу дұшпан, ақыл дос» деген сөзін алға тартқым келеді. Ашу үстінде істелген әрекет еш уақытта әділетке жеткізбейді. Өйткені, адам ашу үстінде түрлі қылмысқа барады. Алматыдағы мемлекеттік мекемелерді талқандау кешірілмес қылмысқа айналды. Оны талқандағанда не ұттық? Не пайда түсті? Айналып келгенде өзіміздің мемлекетімізді әлсіреттік. Талқандау арқылы экономикамызды белгілі бір деңгейге шегердік. Ал экономика болмаса, мемлекет болмаса, халықтың не керегі болады. Ол халық пен мемлекет бір ұғым. Мемлекетті қиратсаң халық, халықты қырсаң мемлекет құриды.

Мінеки, осындай өкінішті оқиғадан соң бұл оқиғаға жалпы халық болып, Қазақстан билігі болып баға беріп жатырмыз. Кеше талқандалған, өртенген Алматы қаласы әкімшілігінің алдына Қаңтар оқиғасына арналған «Тағзым» деген аллея ашылды. Өз басым бұған риза болып отырмын. Өйткені, мұндай қанды оқиғаның ізі тарихта қалуы керек. Қанды қырғында адам шығыны көп болды. Сондықтан «Тағзым» аллеясы құрбандарға қойылған халықтың еске алуы болды деп ойлаймын. Енді ешқашан қаңтар оқиғасы қайталанбағай, ағайын! Өйткені, қаңтарда атылған оқ мемлекетке, бәріміздің жүрегімізге тиген оқ болды.

Міне, басшымыз боп, қосшымыз боп Әділетті Қазақстан құруға бет алдық. Әділетті Қазақстан – біздің, біздің бала-шағамыздың болашағы. Баршамыз Әділетті Қазақстанның қалыптасуына бір атаның баласындай атсалысайық!



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы:

Жүрегімізде із қалдырды

Быттыр еліміз үшін қиын кезеңдердің бірі болды. Қаңтар оқиғасы келешек ұрпаққа сабақ болатын, жүрегімізде із қалдырған оқиға болды. Президентіміз қаңтар қырғынына қатысушылардың рухына бағышталған мемориалдық ескерткішті ашты. Осы саябақ арқылы жастарымыз Тәуелсіздіктің қадірін, бейбіт күнді ұғына түседі деген сенімдемін. Тастарға қашалып ақын-жазушыларымыздың көрнекті сөздері жазылған.

Халыққа ой салатын Майқы бидің, Бұқар жыраудың, Абайдың, Мұзафар Әлімбаев, Мұқағали Мақатаев сынды тұлғалардың ой-орамдары сол бір сәтті еске салады. Әділетті Қазақстанға аяқ басқымыз келсе қаңтар оқиғасының ақиқатын ақтарып, әділетіне жетуіміз қажет.

Қайсысы арандаушы, қайсысы жазықсыз жазаланғанын, кімнің кінәлі екендігін ұғынуымыз қажет. Алдағы жыл елімізге берекесін әкеліп, мемлекетіміздің болашағы жарқын боларына сенемін. Еліміздің тұғыры биік болсын, Көк Туымыз көкте желбірей берсін!



Жанат АЙТІЛЕУ,
монументалды өнер құрылыстарын орнату бойынша
Республикалық және Алматы комиссиясының мүшесі:

Ұрпаққа беретін тәрбиелік мәні бар

«Тағзым» мемориалының ашылуы – өте маңызды оқиға. Қаңтар оқиғасының залалы, әсіресе, Алматы қаласына тиді. Қаншама халық зардап шекті, қаншама ғимараттардың астан-кестені шықты. Сол кездегі халықтың бастан өткен жағдайын түсініп, қаза болған азаматтарды еске алып жүру үшін және мұндай оқиға қайталанбауы үшін мемориалдың ашылуы өте дұрыс. Сондай-ақ, кейінгі ұрпаққа беретін үлкен тәрбиелік мәні бар.

Мемориал тек жеке автордың көзқарасымен жасалған дүние емес, оны жасау үшін байқау жарияланды. Ол еліміздегі үздік сәулетшілер, үздік өнер қайраткерлерінің жобалары бойынша салынып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемориалдың маңызы жоғары екенін ашылу салтанатында айтып өтті. Сондықтан қаңтар оқиғасының жылдығына сәйкес дер кезінде ашылды деп айта аламын.

Мемориалдың ішінде қасіретті күндердің белгісі ретінде кара түсті және жарқын болашағымыздың кепілі ретінде ақ түсті төртбұрыш элементтер бар. Сол әр элементтің бетінде қазақ халқының дана ұлдарының айтқан қанатты сөздері жазылған. Өзім Жұбан Молдағалиев, Ілияс Есенберлиннің айтып-жазған өсиеттерін көрдім. Оның бәрі мемориалға келген әр адамға ой салады. Бұл ескерткішке «Тағзым» деп ат берілуі өте дұрыс. Кешенге келген адамдар оған тағзым етіп, сол күндерді еске алады.

Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
ҚР БҒМҒК М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының
директоры:

Игілікті істің бір парасы іспеттес



Жүректі сыздатқан қаңтар оқиғасына да жыл толып қалды. Жұртшылықтың жанын жүдеткен қаралы күндердің қалың тұманы әлі де толық сейіле қойған жоқ, әрине. Санаға түскен ауыр салмақты жеңілдету жолында ел болып, қоғам болып атқаратын жұмыстар әлі де аз емес...

Бүгінгі Қазақстан Республикасының Президенті келіп ашқан Алматы қаласындағы «Тағзым мемориалы» осы арнадағы игілікті істің бір парасы іспеттес.

Бір жағынан қарағанда тым қарапайым, екінші жағынан аса күрделі болып көрінетін композициялық кешеннің, біздің ойымызша, екі үлкен мазмұндық арнасы бар сияқты.

Біріншіден, бұл – кешегі теңдік сұрап, әлеуметтік әділет іздеп алаңға шыққан, сол жолда арандатушылардың суық қолынан қаза болған боздақтардың рухына тағзым.

Екіншіден, бұл – халықтың берекесін қашырып, жұрттың ішіне алауыздық туғызған, әлеуметтік кикілжіңді қанды қасіретке дейін жеткізген төтенше жойқын оқиғадан алатын тағылым.

Мемориалдың авторлары осы екі идеяны астастыра тұтастырып, тәлім-тәрбиелік ұстыны берік, халқымыздың дәстүрлі дүниетанымы мен бүгінгі заманауи мақсат-мұратымен ұштастыратын тамаша астарлы мәні бар композиция құрастыра білген.

Мәселен, ескерткіш-тақталардың табанындағы су бейнесі – өмірдің, мәңгіліктің символы. Ал ақ, кара түстес мәрмәр тастардың қатарласып, алмасып келіп отыруы – қайғы мен қуаныштың, жақсылық пен жамандықтың, ескі мен жаңаның қабаттасып келіп отыратын тіршілік заңдылығын білдірсе керек. Мемориалдағы ақ тастардың асқақ, биік және кара тастарға қарағанда әлдеқайда көптігі – еліміздің рухының биіктігін, болашаққа ұмтылған арман-мұратының кіршіксіз тазалығын, ертеңінің ашық-жарқын екендігін бейнелеп тұрғандай.

Дәл сол ақ тақталарға жазылған ұлы бабаларымыздың асыл сөздері тарихтың терен тағылымына бойлатады. Ол жазбалар жас ұрпаққа:

«Береке мен бірлік – сабыр мен төзім
арқылы баянды!»,

«Қазақтың мәңгілігі – ынтымағы
мен тұтастығында».

«Бір күндік әрекет мың күндік берекені
тас-талқан ететіндігін естеріңнен шығар-
маңдар!»

деп өсиет айтып тұрғандай. Бүгін ғана ашылған «Тағзым мемориалы» тәуелсіздік жылдарындағы талай дүбірлі оқиғалардың куәсі болған Алматы орталығындағы тарихи алаңмен табиғи үйлесіп, келешекке ғибрат айтып тұратын қастерлі орынға айналады деп сенеміз!

Алексей ИВЖЕНКО,
қазақстандық сәулетші, Нью-Йорктегі Пратт институтының
архитектуралық дизайн саласы бойынша магистрі,
жоба авторларының бірі:

Жарқын болашақ: үміт пен сенім

Жобадағы негізгі идеяның мәнісі мынада, біз Сәтбаев көшесіндегі ең төмен физикалық нүктесін таңдадық және мемориалды вертикальды түрде оңтүстік бағытқа, тауға қарай создық. Ал тауды бетке ұстап, алға қарай жүру оңай емес.

Бұл біздің еліміздің 30 жыл бойы жүріп өткен жолын білдіреді, содан кейін төбеден жай түскендей қаңтар оқиғасы болды. Қаңтардағы оқиға – қап-қара, сұп-суық, катал, жантүршігерлік жайт. Осы бір қайғылы кезең кара түспен берілді. Қарыштап дамып келе жатқан жас мемлекет Қазақстанның соқтықпалы-соқпақты жолы жобаның негізгі мән-мағынасына арқау болды. Бұл – еліміздің сын жолы, осы сынақтан сүрінбей өтсек қана алға қадам жасайтынымыз анық. Тарихтан белгілі, кез келген дамушы ел тұрақтылыққа жету үшін адамзат өз жолында түрлі сынақтарға тап болады.

Әр қадамын абайлап басып, аяғынан нық тұра бастаған тәуелсіз республикамыздың өсу-өркендеу жолында түрлі кедергілердің болатыны заңдылық. Ең бастысы, осындай қиын-қыстау кезеңдерде бағытымыздың дұрыстығына көз жеткізіп, өткенге салауат айтып, сабақ алу. Жобамыздың қорытындысы және ең маңызды баспалдағы – жарқын болашақ, үміт пен сенім. Бұл мақсатқа тек халықтың ынтымағының арқасында ғана жете аламыз. Ал халық өз болашағын өз қолымен жасауға әбден құқылы.



Бетгі әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР, Айнұр СЕНБАЕВА, Досбол АТАЖАН,
Гүлжанат СЕМБАЕВА, Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.



ЖҰМЫС САПАРЫ

ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР ТЕКСЕРІЛДІ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ақмәди Сарбасов Алматы қаласына жұмыс сапары аясында көпір конструкциялары зауытына және бірқатар медициналық-әлеуметтік ұйымдарға барды. Еңбек ұжымдарымен және арнаулы әлеуметтік қызмет алушылармен өткізілген кездесулер барысында ол ҚР Әлеуметтік кодексінің жобасында Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру туралы айтып берді.

Досбол
АТАЖАН

Ақмәди Сарбасов өзінің жұмыс сапарын ҚР ЕХӘҚМ Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті Алматы қаласындағы департаментінің ұжымымен кездесуден бастады. Жұмыс барысында ол әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету қажеттілігіне баса назар аударды.

«Алматы көпір конструкциялары зауыты» ЖШС қызметкерлерімен кездесуінде бірінші вице-министр қолданыстағы еңбек заңнамасының өзекті мәселелерін талқылады, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту саласындағы жаңа саясат туралы айтты.

«Халықты жұмыспен қамтудың жаңа саясаты азаматтардың жекелеген осал санаттарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесуден еңбекке қабілетті азаматтардың барлық санаттарын нәтижелі жұмыспен қамту үшін тең бастапқы жағдайлар жасауға көшуді көздейді. Ол жұмыс күшінің кәсіби дағдыларын күшейтуді, икемді жұмыспен



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

қамтудың барлық түрлерін заңнамалық бекіту мен реттеуді, технологиялар мен білім трансферті үшін білікті кадрларды тартуды, ішкі көші – қонды реттеуді, жұмыспен қамту орталықтарын мансаптық орталықтарға айналдыруды және қызметтерді ауқымды цифрландыруды көздейді», – деп хабарлады Ақмәди Сарбасов.

Ол сондай-ақ, кәсіпорын мен қалалық еңбек инспекциясы қызметі өзара меморандумға қол қойғанын айтты.

«Бұл Алматыдағы үлкен заводтардың бірінде 300-ге жуық өнім өндіріледі екен. Жұмыс сапары барысында зауыт қызметкерлерінің еңбек жағдайымен таныстық. Жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында қаншалықты байланыс барын көрдік. Айтылған кәсіпорынмен қалалық еңбек инспекциясы қызметі арасында меморандумға қол қойылды. Кәсіпорын басшылы-

ғы жұмысшыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге уәде берді», – деді ол.

Сондай-ақ, бірінші вице-министр Алматы қаласының әлеуметтік қызметтер үйіне барып, «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ және «Алатау» әлеуметтік қызметтер орталығы» КММ медициналық-әлеуметтік мекемесін аралады. Сапар барысында А.Сарбасов әлеуметтік нысандардың жұмысын көріп, «Алатау» әлеуметтік қызметтер орталығы» базасында пилоттық жоба ретінде іске асқан «Нейро-Чат» жобасымен танысты. Жобаның жаңалығы – алғаш рет пациенттердің бір-бірімен, медицина қызметкерлерімен, жақын адамдарымен және бүкіл әлеммен желілік байланысы үшін мүмкіндік жасалынды.

«Алматы қаласына жұмыс сапары аясында бірқатар объектілерді араладық. Оның ішінде әлеуметтік қызметтер орта-

лықтары және белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары бар. Қолданыстағы заңнама шеңберінде қажет адамдарға арнайы көмек көрсетіледі. Жалпы, елімізде 700 мыңдай мүмкіндігі шектеулі азаматымыз бар. Сондықтан басты мақсатымыз осындай орталықтарды мүмкіндігі шектеулі адамдардың талаптарын ескере отырып тиімді әрі ыңғайлы ету. Мүмкіндігі шектеулі адамдар өздеріне белгілі бір шектеудің бар екенін сезінбеуі керек. Бүгін мұндай орталықтардың қызмет көрсетуінде біраз жаңашылдық бар екенін байқадық», – деді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ақмәди Сарбасов.

Айта кеткен жөн, Әлеуметтік қызметтер үйінде алматылықтар «бір терезе» қағидаты бойынша әлеуметтік қызметтердің барлық спектрін алады. Әлеуметтік қызметтер үйі – еліміздегі бірегей жоба. Бір жерде бірнеше мемлекеттік мекемелер – жұмыспен қамту басқармалары қызмет көрсетеді: әлеуметтік бағдарламалар мен тұрғын үй саясаты, халықты жұмыспен қамту орталығы, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, «Отбасы банкі», «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Qoldau» кәсіпкерлік орталығы, «Атамекен» ӨКП және әлеуметтік сақтандыру қоры. Жалпы мемлекеттік қызметтердің 776 түрін алу көзделген.

Күн сайын әлеуметтік қызметтер үйіне 500-ге жуық адам барады. Ағымдағы жылы 99 мыңнан астам қызмет көрсетілген.

Ал «Алатау» әлеуметтік қызметтер орталығы 2022 жылдың 1 ақпанында бұрынғы «Самал» пансионатының ғимаратында ашылды. Орталық 153 төсек-орынға есептелген. Орталықта психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер стационарлық жағдайда көрсетіледі.

ДЕМАЛЫС ОРНЫ

ТАЛАП – БАРШАҒА ОРТАҚ
«Шымбұлаққа» электр көлігімен ғана кіруге болады

Соңғы 10–15 жылдан бері қала тұрғындары мен қонақтары қыс басталса, шаңғысын көтеріп «Шымбұлаққа» қарай ағылады. Өйткені, «Шымбұлақта» таза ауамен тыныс алып, шаңғымен немесе сноубордпен сырғанап қайту үшін барлық жағдай жасалған.



қылау камерасын орнаттық. Әкімдік арнайы жобасын әзірледі. Ол қабылданғаннан кейін «Шымбұлаққа» іштен жанатын қозғалтқышы бар автокөліктердің, яғни бензин, дизель және тағы басқаларына кіруге тыйым салынады. Мұндай талап сол жерде тұратын адамдарға да қатысты. Біз оларға осындай жұмыстардың жүргізіліп жатқанын хабарладық. Тұрғындар ешқандай қарсылық білдірген жоқ. Менің білуімше, қазір олар электрлі көліктерді белсенді түрде сатып ала бастады. Әкімдіктің қаулысы күшіне енгеннен кейін «Медеуде» жылжымайтын мүлкі барлар ол жакка тек электр көлігімен ғана кіре алады», – деді Әлішер Әбдіқадыров.

Оның айтуынша, қазір «Шымбұлақ» жакта 54 тұрғын үй

муникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров айтты.

«Медеуге» кіретін жолға бекет қойылды. Биыл мұнда Полиция департаментінің жедел басқару орталығымен біріктірілген бейнеба-

бар. Ал шағын және орта бизнес үшін уақыт берілмек. «Өздеріңіз білетіндей, электрлі жүк көліктері жеңіл автокөліктерге қарағанда кеш дамыды. Бүгінде жүк көліктері нарығында ұсыныстар шектеулі», – деді спикер.

Қазір «Шымбұлаққа» тек электромобильдермен ғана емес, іштен жанатын қозғалтқышы бар көліктермен де шығуға болады. Бұл коммуналдық қызметтер, құтқарушылар, полиция қызметкерлері, сондай-ақ тау шаңғысы курортында тұратын немесе жұмыс істейтін адамдарға қатысты.

1954 жылдан бастап тау шаңғысы спортшыларының сүйікті орнына айналған «Шымбұлақ» демалыс орнына қала тұрғындарынан бөлек, шетелдік туристер де көп келеді. Айта кетейік, «Шымбұлақта» сырғанақ маусымы қарашада басталып, сәуірдің ортасына дейін созылады. «Медеу» мен «Шымбұлақ» арасында жүретін 4,5 шақырымдық аспалы жолдар салынған. Осы жолдар арқылы тау шаңғысы кешеніне он бес минутта көтерілуге болады.

ӘЛЕУМЕТ

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының ұйымдастыруымен басқарудың жаңа МИБ немесе ҚБ формаларына өту жөнінде барлық тиісті органдардың қатысуымен «Ашық есік» күні өтті.

«АШЫҚ ЕСІК»
КҮНІ ӨТТІГүлжанат
СЕМБАЕВА

Аталмыш іс-шара МИБ құру және оның жұмысын жүргізуді түсіндіруге мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, тұрғындар ТКШ қатысты барлық сұраққа тиісті мемлекеттік органдардан жауап алды.

Нұрбол ҚАЗЖИН, Алматы қаласы инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары:

– «Ашық есік» күні басқарма тарапынан төртінші рет өткізілді. Қала тұрғындары жаңа нысандарға көшу, т.б. мәселелер бойынша мамандардан жауабын алды. Тек біздің тарапқа қатысты ғана емес, тұрғындарды басқа да сұрақтар мазалайды. Барлық сұраққа бір жерден жауап алу үшін осы шараны арнайы ұйымдастырдық. Көбінесе, екі үлкен аудан – Бостандық және Медеу аудандарының тұрғындары келді. Себебі, қала бойынша көппәтерлі үйлер негізінен сол аудандарда орналасқан. Биыл мұндай шара екінші рет өткізіліп отыр. Сәуір айындағы «Ашық есік» күніне 250-дей адам қатысқан болатын.

КӨМЕК

МҰҚТАЖ ЖАНДАРДЫ ҚОЛДАУ

Елімізде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына тұрақты түрде әлеуметтік көмек көрсетіліп келеді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ҚР Үкіметінің

«Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына және Алматы қаласы мәслихатының «Әлеуметтік

көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне сәйкес, Алматы қаласында мұқтаж азаматтардың белгілі бір критерийлерге сәйкес келетін санаттарына жарты жылда бір рет 7 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек және 20 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Жоғарыда көрсетілген көмек түрлерін ұсыну үшін азаматтар мынадай критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

– жарты жылда бір рет 7 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек: отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3 еселенген мөлшерінен

аспайды (созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінен зардап шегетін бірінші топтағы мүгедектерге; зейнеткерлік жасқа жеткен зейнеткерлерге).

– біржолғы 20 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек: отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінен аспайтын өмірлік қиын жағдай туындаған кезде.

Көрсетілген көмек түрлерін тағайындауға арналған құжаттарды қарау кезінде учаскелік комиссия өтініш берушінің материалдық жағдайының нәтижелерін (екінші тұрғын үй, екінші жеке көлік және т.б.) назарға алады.

Айта кетсек, 2022 жылдың 4 тоқсанына ең төменгі күнкөріс деңгейі – 49 577 теңге.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

АЛМАТЫ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында кезекті есеп беру брифингі өтті. Алматының қаңтар-қараша айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Сабина Аманкелді, Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берік Солтанбаев, Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаев айтып берді.



Досбол
АТАЖАН

ӨКҚ есеп беру брифингінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров мегаполисте өңдеуші өнеркәсіп дамып келе жатқанын хабарлады.

– Ағымдағы жылдың 11 айының қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 6,2%-ға дейін жетіп, өңірлер арасында көшбасшылық позицияны қамтамасыз етті (ҚЭИ Шымкент қаласы – 11,3%, Астана қаласы – 7,9%, СҚО – 6,9%). Өңдеуші өнеркәсіп еліміз бойынша өсу қарқыны жағынан 1-орынға ие бола отырып, өсу драйверіне айналды (+14,8%). Қала экономикасының ең ірі саласы – сауда, көтерме сауда 6,0% өсті.

Экономиканы қалпына келтірудің жоғары қарқыны салық түсімдерінің өсуін қамтамасыз етті. Салықтар түсімі 42,1%, яғни 3581,2 млрд теңгеге өсті. Оның ішінде Шағын және орта бизнес субъектілерінен түскен түсімдер – 49%-ға (1661,7 млрд теңге) дейін өсті, – деді ол.

Сондай-ақ, Ә.Әбдіқадыров қалаға 1,2 трлн теңгеден астам инвестиция тартылғанын айтты.

– Инвестициялық белсенділіктің жоғары деңгейі жеке инвестициялардың 16% (1041 млрд теңге) өсуі есебінен қолдау тапты. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында тікелей шетелдік инвестициялар 32%-ға өсті және 2,3 млрд АҚШ долларын құрады. Барлығы ағымдағы жылдың 11 айында 1,2 трлн теңгеден астам (1248 млрд) инвестиция тартылды. Жалпы, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласы экономикасының 5,0%-ға дейін өсуі күтілуде. 2023 жылы әкімдіктің негізгі міндеті Алматы қаласының Даму бағдарламасына сәйкес экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету болады, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары.

Брифинг барысында Әлішер Елісұлы қала әкімшілігінің жоғары технологиялық және «таза» өндірістерді, туризмді, IT-секторды және креативті индустрияларды дамытуға баса назар аударатынын хабарлады.

– 7 шағын өнеркәсіп паркін іске қосу, креативті индустриялардың венчурлық қорын құру, басым бағыттарда 50 млрд теңгеге дейін 2,6 мыңға жуық ШОБ жобасын қаржыландыру жоспарланған. Жалпы, 1,5 трлн теңге инвестициялар тартылатын болады. Осының арқасында Алматы қаласы экономикасының өсуі 2023 жылы 4,4%-ды құрайды – деп атап өтті ол.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСКЕ ҚОЛДАУ БАР

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров Алматы қаласында-

Ағымдағы жылы инвестиция көлемі 1,4 млрд теңгені құрайтын 220 жаңа жұмыс орны құрылып, 3 шағын өнеркәсіп паркі іске қосылды.

ғы ШОБ-ты қолдау мәселесіне де тоқталды.

– Бүгінгі күні «Қантар» оқиғасынан кейін Шағын және орта бизнестің қызметі толығымен қалпына келтірілді. Шағын және орта бизнес субъектілеріне 16,2 млрд теңге (1640 өтінім) төленді. Шағын бизнестің белсенділігіне ынталандыру қызметтері мен іс-шараларын кеңейту ықпал етті. Сонымен қатар, 115,4 млрд теңгеге 2,7 мыңнан астам жоба қолдау тапты. «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қорымен бірлесіп «Almaty Business» өңірлік бағдарламасы шеңберінде «Jana Business» жаңа қосалқы өнім құрылды. Оны іске асыруға 5 млрд теңге қарастырылған. Жеңілдетілген кредиттер бойынша мөлшерлеме 7%-дан 6%-ға дейін төмендетілді. Несиенің ең жоғары сомасы – 100 млн теңгені құрайды, несиелеу мерзімі – 7 жылға дейін, – деді Ә.Әбдіқадыров.

Сонымен қатар, ол өңдеу өнеркәсібі саласындағы жетістіктерді айтып өтті.

– Жалпы, ағымдағы жылдың басынан бастап өңдеу өнеркәсібі 14,8%-ға дейін өсті. Машина жасау 55,5%, жеңіл өнеркәсіп 28%, тамақ өнімдері 9,5% өсуі қамтамасыз етілді. Соңғы 3 жылда машина жасаудың орташа жылдық өсімі 61,8%-ды құрады. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібіндегі машина жасау үлесі автомобиль өнеркәсібінің өсуі есебінен 40,8%-ға дейін өсті. Hyundai Trans Almaty зауыты іске қосылған сәттен бастап 67 мыңнан астам, оның ішінде 2022 жылы 33 мыңнан астам (33223) автомобиль жасалды. Ағымдағы жылдың басынан бастап Индустриялық аймақта 9 млрд теңге сомаға 6 жоба жүзеге асырылды. Сондай-ақ, ағымдағы жылы инвестиция көлемі 1,4 млрд теңгені құрайтын 220 жаңа жұмыс орны құрылып, 3 шағын өнеркәсіп паркі іске қосылды, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ БОЛМАЙДЫ

ӨКҚ есеп беру брифингінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров бағаны тұрақтандыру бойынша қабылданып жатқан шараларды да тізіп өтті.

– Қала әкімдігінің жұмысында халық табысының өсуін одан әрі арттыру басым бағыттардың бірі. Ағымдағы жылдың 11 айында инфляция 18,9%-ды құрады. Бағаны тұрақтандыру үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесіне 15 млрд теңге бөлінді. «Магнум» желісінің сөрелерінде бағаларды, сондай-ақ әлеу-

меттік нан және жұмыртқа өндірушілерінің сату бағаларын тұрақтандыру жүргізіліп отыр. Маусымаралық кезеңде көкөніс бағасын тұрақтандыру үшін біз 20 мың тоннаға жуық көкөністі алдын ала «форвардтық» түрде сатып алдық. Қосымша «айналым қарызы» тетігі шеңберінде Павлодар облысының («Агросервис Акку» ЖШС) өндірушісінен 4 мың тонна картоп пен 1 мың тонна сәбіз сатып алу жоспарланып отыр. Бұдан басқа, 2023 жылғы сәуір-маусым айлары кезеңінде елдің оңтүстік өңірлерінен, сондай-ақ Өзбекстан, Пәкістан және Ираннан ерте пісетін көкөністерді жеткізу ұйымдастырылатын болады. Бүгінгі таңда бұл мәселе ҚР Ауыл шаруашылығы, сауда және интеграция министрліктерімен бірлесіп пысықталуда, – деді ол.

Әлішер Елісұлы қант жетіспеушілігін болдырмас үшін қандай жұмыстар атқарылып жатқанына да тоқталды.

2022 жылдың басынан бастап Алматыда туристік ағынның қарқынды өсуі байқалады. Ағымдағы жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша шетелдік туристер саны 2,8 есеге, 270,1 мың адамға дейін, ішкі туристер саны 1,4 есеге, 1 млн адамға дейін өсті.

– Қант бойынша Үкімет қант саласын дамыту жөніндегі бағдарламаны қабылдады, соған сәйкес біз ҚР Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп, белгіленген бағаммен 5,7 мың тонна өнім жеткізу үшін «Аксуқант» қант зауытына 2,6 млрд теңге бөлу мәселесін пысықтадық. Сонымен қатар, бакалея (күріш, қарақұмық жармасы, күнбағыс майы) және көкөніс өнімдерін орталықтандырылған сатып алуға 3,8 млрд теңге резервке қойылып отыр. Бағаны тұрақтандыру шараларымен барлық 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері қамтылды, қол қойылған шарттар мен келісімдер шеңберінде өңірлерден 80 мың тоннадан астам өнімді жеткізу жүргізілуде. 1,5 мың «үй жанындағы» дүкендерге 2 мың тонна бакалея және 2,4 млн жұмыртқа жеткізу ұйымдастырылды. Азық-түлік емес тауарлардың 1,2 мың

түрін қоймалардан көтерме бағамен сату жүзеге асырылуда, – деп толықтырды Ә.Елісұлы.

ТУРИСТЕРДІҢ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Әлішер Әбдіқадыров мегаполистің туризм саласы дамып келе жатқанын хабарлады.

– 2022 жылдың басынан бастап Алматыда туристік ағынның қарқынды өсуі байқалады. Ағымдағы жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша шетелдік туристер саны 2,8 есеге, 270,1 мың адамға дейін, ішкі туристер саны 1,4 есеге, 1 млн адамға дейін өсті. 2022 жылы ұзындығы шамамен 150 км болатын 12 тау маршруттары мен 3 кемпинг-аймақтарында («Лунная поляна», «Советов» шыңы мен «Кімасар» шатқалында) абаттандыру жұмыстары аяқталды. Туризмді ілгерілету шеңберінде «VI Халықаралық қонақүй форумы», «AlmatyMountFest» 2022, «Gastrofest 2022» фестивалдері өткізілді. 2023 жылы «Медеуде» эко-глэмпингін және «Tenir Eco Hotel» эко-қонақ үйінің 2-ші кезеңін іске асыруды бастау жоспарлануда. Ұзындығы 150 шақырым 10-ға жуық таулы маршруттарды абаттандыру және маршруттарды кейіннен цифрландыра отырып, 3 кемпинг аймағын құруды мақсат етіп отырмыз. 2023 жылы шетелдік туристер саны 350 мың адамға дейін өседі деп күтілуде, – деді Алматы әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар, Әлішер Елісұлы қаланы абаттандыру мақсатында істелген жоспарларды айтты.

– Алматы қаласына 423 мың көшет отырғызылды. 2,3 млн ағашты қамти отырып, ағаштарды 4 кезеңдік биологиялық өңдеу жүргізілді, келесі жылы 2,8 млн ағаш өңделетін болады. 5 мың қураған ағаш кесіліп, оның орнына 50 мың көшет отырғызылды. 2023 жылы 170 мың көшет отырғызып, 17 мың қураған ағашты кесу жоспарлануда. 2023 жылға 320 мың ағаш отырғызу жоспарланған, сондай-ақ тағы 8 саябақтың құрылысы мен қайта жаңалау, 13 қоғамдық кеңістікті жобалау қарастырылған. Есентай және Жарбұлақ өзендерінің арналарын қайта жаңарту жұмыстары аяқталды. Келесі жылы ұзындығы 15 шақырым 3 өзенді қайта жаңарту жоспарланып отыр. Су басқан 56 учаскені қалпына келтіру жұмыстары аяқталуда, 12 коллектор қалпына келтірілді, 4 канал және 19,2 шақырым арық желілері салынды. Қала бойынша келесі жылы қалған 46 су басқан учаскелерді қалпына келтіру жұмыстарын аяқтауды жоспарлап отырмыз. 2022 жылы жасыл желектердің ауданы адам басына шаққанда 12 шаршы метрге дейін көбейтіледі, саябақ аумақтарының ауданы 631-ден 712 гектарға дейін кеңейтілді, – деді Алматы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

«BILGAMESH» – МӘДЕНИЕТТЕРДІ ЖАҚЫНДАСТЫРАДЫ

ЮНЕСКО-ның қолдауымен Халықаралық мәдениетті жақындастыру орталығы «Бильгамеш» мәдениеттану және әлеуметтік зерттеулер альманахының он нөмерінің шығуына арналған кеш ұйымдастырды.



**Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Іс-шара Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы (2013-2022 ж.ж.) және ЮНЕСКО-ның білім қоғамдарын құру жөніндегі идеяларын практикалық іске асыру шеңберінде өткізілді.

«Мәдениеттерді жақындастыру орталығының кітапханасын» құру және «Бильгамеш» мәдени және әлеуметтік зерттеулердің ғылыми-танымал альманахын шығару идеясы 2019 жылы пайда болды. Альманах беттерінде төрт жылдан бері қазақстандық және шетелдік ғалымдар мәдениеттердің өзара іс-қимылы мен жақындасуы мәселелерін қозғайтын мақалалар, эсселер мен ғылыми-танымал жұмыстар жариялап келеді.

«Осы ретте ерекше бір айта кететін жайт, «Бильгамеш» атауының мағыналық маңызы зор. Біл сөзі көп нәрсені ұғыну керектігі, білім-ғылым жайында қолданылады. Адамзаттың ең көне сөздерінің бірі «Бильгамеш» деп аталатын мұндай альманах журналы әлемде жоқ. Ол «біл» – білу, білім – білім деген сөздің түбірінен шыққан. Бұл сөз көне түркі «білға» – дана, білуші, қазақта – «білген» деген сөзден шыққан. Біз бүгінге дейін «Бильгамеш» атауын жақсы білеміз. Ол біздің дәуірімізге дейінгі XXVII ғ. аяғы мен XXVI ғ. басында өмір сүрген шумердегі Урук қаласының билеушісі. Археологиялық деректерді ақтарып отырсақ,



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

түркі халықтары Бильгамеш, Bilgamesh деп атағанын байқауға болады. Осы ретте журнал мен шығарған баспалардың атауларын неге «Бильгамеш» деп атағанымыз жайында тоқтала кетсек. Соңғы уақытта түркі дүниесін зерттей бастағалы грек, қытай ғылымдарында, археологиясында, құдайларының атауында «Біл» сөзі түбір болып келетінін, көбірек қолданысқа енетінін ұғындым», – дейді ақын, тілтанушы, саясаткер Олжас Сүлейменов.

Ұйымдастырушылардың пікірінше, «Бильгамешті» шығара отырып, оның беттерінде көптеген жыл бойы баспасөзде және ғылымда айтылып келе жатқан өзекті мәселелерді көтеруді басты назарға алған.

«Біздің орталықта Олжас Омарұлының басшылығымен мәдениеттерді жақындасу идеясы қолға алына бастады. Ұлттық кодымызды сақтай отырып, қазақ халқының түп тарихын әлемге танытуды қолға

алдық. Альманах беттерінде төрт жылдан бері қазақстандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарын көпке көрсетуді ойға алдық. Шумер эпосының кейіпкерімен, атауымен таңдалған альманахтың атауы тандалуы кездейсоқ емес. Онда түркі және Шумер мәдениеттерінің диалогы мен жақындасу тарихы бар», – дейді жоба ұйымдастырушы Игорь Крупко.

Сондай-ақ, басылымды шығару кезінде ғалымдарды диалогқа шақыруды басшылыққа алған. Бүгінгідей қоғамда кітап мәдени құбылыс ретінде жақсы жағынан танылу керектігі де айтылды.

«Біздің жобамызды ғалымдар оқып, көруі қажет. Себебі, мұнда түркі халықтарының көне жазуы, олардың мағынасы, оқылуы жайлы жақсы баяндалған. Сонымен қатар, осы жоба арқылы ғалымдар өздерінің жұмыстарын, зерттеулерін жариялай алады. Менің ойымша, әлемдік

қоғамдастықтың толыққанды мүшесі бола отырып, дүниежүзілік тарих ағынында қалу міздің мақсатымыз. Еліміз жаһанданудың жемістерін жеп, ұлттық мәдениетті таныту қажет. Біздің ойымызша, халықтардың мәдени әртүрлілігін сақтай отырып, ортақ құндылықтарды нығайту маңызды мәселердің бірі. Планетарлық сана ұлттық санаға қарама-қайшы емес, ол оның дамуының ең жоғарғы формасы», – дейді ақын, тілтанушы, саясаткер Олжас Сүлейменов.

«Бильгамеш» альманахының негізгі миссиясы – мәдениеттерді жақындастыру. Қазақстан бұл идеяны мәдениеттердің нәліктен алшақтап бара жатқанын зерттеу және түсіну үшін ұсынды. Осы жоба арқылы жастарымыз ежелгі дәуірдің жазуларын, тілдер мен діндердің шығу тегін түсіндіруге септігін тигізеді. Сондай-ақ, гуманитарлық білімнің өркендеуіне өзіндік көмегін көрсетеді.

БІЛІМ

Еліміздегі білім саласының дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан білім мекемелерінің бірегейі – Алатау ауданындағы №178 мамандандырылған лицейдің ашылғанына биыл тура он жыл толып отыр. Осынау жылдар ішінде білімнің тек биігінен көрінген ұжымның қол жеткізген табысы да, қанжығасына байлаған олжасы да жетерліктей. Ел үмітін ақтап, бәсекеге қабілетті ұрпақтарды баптап жүрген №178 лицей ұжымы осынау мерекені «Мерейлі 10 жыл» деген атпен кеңінен атап өтті.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Айтулы мерекеге жиналған қонақтар мен қала мектептерінің өкілдері алдымен білім ұясының ішін аралап, өркеніеттің төл туындыларымен танысып шықты. Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп, заманауи білімнің көшін бастап келе жатқан мектептің табысы да, жаңашыл жаңалығы да мол болып шықты. Білім әлеміне батыл қадам басқан мектептің дәлізінен бастап, жаңаша леп еседі. Қонақтар әрбір сыныпты аралаған сайын, білім айдында алып кемедей еркін жүзген мектептің он жылғы қолтаңбасы мен жинақтаған тәжірибесіне құмарта қарап, тамсана таңқалудан болды.

Әсіресе, «ғылымның патшасы» атанған математика, физика, информатика сынды пәндерді терең оқып, білу үшін оқу кабинеттерінің барлығы соңғы үлгідегі қажетті құрылғылармен толық жабдықталған екен. Оқушылардың алған білімін зерделеу үшін



тәжірибе алаңдарын ашып, барлық жағдайды жасап қойған. Оқушылардың білім ала отырып, ізденуіне, іздене отырып, терең зерттеу жасауына кең жол ашылған.

Бұл күні қонақтар мектеп мұғалімдері мен оқушылардың ашқан жаңалықтарын тамашалады. Мәселен, соңғы кездері әлемнің ерекше назарында тұрған күн сәулесін, желді пайдаланудың тиімді жолдары сияқты өздері ашып, дәлелдеген жаңалықтарымен бөлісті.

Мектеп мұғалімдері мен оқушылар ойлап тапқан «Ақылдылардың ойыны» атанған шахматтың электронды түріне қонақтар ерекше ықылас танытты. Өйт-

кені, бұл бағыттағы мектеп оқушылары үшін бұл да миды тынықтырудың бір түрі.

Сонымен, салтанатты кештің ресми бөлімі осынау білім ұясының ашылуына ғана емес, қазақ білімінің дамуы мен өркендеуіне ерекше күш салған қоғам қайраткері Әбдімәжит Өтештің рухына бағышталған қойылыммен басталды. Көзден кетсе де, көңілден кетпеген рухты ұстазға деген саяғынш кернеді. Осылайша көпшілік бір сәт ұлы ұстазды үнсіз еске алды.

Мерекелі кештің құрметті қонағы, Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова сөз кезегін алып, әріптестеріне деген құттықтауын жеткізді.

– Кеше ғана сияқты еді, сынаптай сырғыған уақыт қой, он жыл да өте шығыпты. Мәжит бауырым өте ерекше жан еді ғой. Жолыға қалсақ, апай, математиканы тереңдетіп оқытатын қазақ мектептерін көптеп ашуымыз керек. Бір ғана Мәскеуде үш жүзден астам математика бағытындағы мектеп бар екен. Бізде ғой небәрі жалғыз мектеп. Балаларымыз қандай талантты. Осы балаларға обал емес пе, деп талай мәрте айтқаны жадыма тұр. Мәжит Қоңырбайұлының арқасында математика бағытында білім беретін №126, 173, 178 мектептер ашылса, қазір мамандандырылған мектептердің саны артты. Ұлағатты ұстаздың ісін жалғастырып, айтулы мектепті биіктен бір түсірмей келе жатқан Қайрат Хамзаханұлына алғысымды білдіремін, – деді Аягүл Төреқызы.

Дәл осы күні Әбдімәжит Өтеш атындағы қалалық математика пәні олимпиадасының жеңімпаздары анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Кешке арнайы қатысқан Салтанат, Айман Әбдімәжитқызыдар барша ұжымға ризашылығын білдіріп, мектеп мұражайына «Қазақтың 1000 күйін» тарту етті.

Сонымен қатар, мерекелі жиын соңында осынау мерейлі он жыл бойы табысқа қол жеткізген мектеп ұстаздарының еңбегі ақталып, марапаттарға ие болды. Айтулы мектептің басшысы Қайрат Шәдиев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатына ие болса, бірқатар ұстаздар «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, «Алматы дарыны» талантты жастарды қолдау орталығының, қалалық Білім басқармасы мен Алатау аудандық білім бөлімінің, Аманат партиясы, «Ұстаз» кәсіподағының Мақтау қағаздары мен Алғыс хаттарына ие болды.

Салтанатты жиын соңында «Мерейлі 10 жыл» кітабының тұсауы кесілді.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ТОЙ ЖАРЫСТА ТОП ЖАРҒАНДАР



Айнұр
СЕНБАЕВА

Басқа жарыстарды былай қойғанда, қазақ халқы той жасап жарысудан алдына жан салмайды. «Той – халықтың қазынасы» екеніне талас жоқ. Алайда, қазір жиған-тергенін тойға шашатын қазақ үшін той бәсекелестік алаңына айналды. 2020 жылы карантин кезінде де тығылып той жасаған халқымыз биыл тойды түрлендіріп, ерекше етіп жасаудан жарысқа түскендей.

Қазақ тойға кемінде 100 адамнан 500 адамға дейін шақыратынына таңқалмайтын болғанбыз. Бұрын әркім өзінің туған-туыс, дос-жаранының тойына барып, қызық көретін болса, қазір әлеуметтік желідегі миллиондаған адам ерекше тойларға бармаса да, барғандай болып тамашалап отырады. Тойшыл қауымның әрқайсысының қолында смартфон, бәрі әлеуметтік желіге түрлі фото, видеоларын жүктейді. Бүгін біз оқырман назарына осы жылы жұрттың ерекше қызығушылығын арттырған, көп талқыландыған тойларды ұсынып отырмыз.

Түйе төрге шықты

Биыл жазда Instagram-да түйені жетектеген ер адамның жануарды той өтіп жатқан мейрамханаға күштеп кіргізуге тырысып жатқан видеосы тарады. Бейнежазбадан түйенің той залына кіргісі келмей тапырақтап, қарсыласқаны байқалып тұр. Мейрамхана есігі аласа болғандықтан түйенің өркеші сыймай, ер адам әбден әуреге түсті. Осы видеоны желі қолданушылары қызу талқылады. «Қазір бәрі бір-бірінен қалай асып түссем деп қана ойлайды, біресе тойға көлік кіргізеді, біресе ат. Енді міне, түйеге жетті ме?! Қоймайды екен...», «Жануарды кинамасаңыздаршы, ол сіздерге ойыншық емес» деген секілді пікірлер жазылды.

Тойға төселіп алған аттар

TikTok желісінде тараған келесі видеода жылқы тойхананың екінші қабатына еш күш салмастан оп-оңай көтеріледі. Сүндет тойда ұл баланы қонақтардың алдына атпен алып кіру дәстүрге айналған жоқ па. Осындай тойлардың санын көрген аттар әбден той залына кіруге төселіп алған болса керек.

Бейнежазбаға пікір қалдырған желі қолданушылары аттың әбден тойға төселгенін, адамдардың шуы мен қатты дыбыстарға үйренгенін жазып жатты. «Тойға шығып, үйреніп қалған ат қой, жүрісті айтсайшы», «Жануарды қор қылды», «Осындайдың не керегі бар, адамдарға таңқаламын». «Жуас ат екен» деген секілді түрлі пікірлер жазылды. Айтпақшы, тағы бір тойда тура той залының ортасына шыққан жылқының бүлдіргені де видеоға түсіп қалып, желіде тараған еді. Тойларда мұндай да жағдай жиі боп тұрады.

Акуланың еті тартылды

Қазақ халқы сыйлы қонағына табақ-табақ ет тартады, бас ұсынады. Бірақ биылғы тойлардың бірінде шетелден арнайы ақула алдырылып, қонақтар мен тойды сыртынан бақылаған онлайн қонақтарды бір таңқалдырды. Ежелден халқымыз тойға ірі қара мал, жылқы, түйе соятын. Енді міне, акуланың еті де дастарханмыздан орын алды. Президенттерге түскі ас дайындап, танымал болған атыраулық аспаз Бағдат Қадыров өзінің үйлену тойында қонақтарға бүтін ақуладан дәм татқызды. Өзі бас аспаз болғандықтан той дастарханына арналған мәзірді өзі әзірлеп, тағам дайындау процесін бақылауда ұстаған екен.

Акуланы той қонақтарының алдына Бағдаттың аспаздық өнерде бірге жүрген әріптесі сән-салтанатпен алып шыққан. Теңіз балығы түрлі экзотикалық жемістермен бірге ұсынылды. Белгілі аспаз Бағдат Қадыров досы Әбдіжаппар Әлқожа ұлдарына арнап жасаған тойда қонақтарға акуланың етінен жасалған тағам ұсынғаны есімізде. Бір кездері Әбдіжаппар Әлқожа 30 мың адамға көкпар беріп, дүркіретіп той жасаған болатын. Әнші қос ұлын сүндетке отырғызған. Тойдың салым қоры деп – 10 млн теңге, 5 автокөлік, 5 түйесі бар 9 ірі қара мал болғанын ол өз парақшасында жариялады.

Доллар шапан

Сыйлы қонаққа, құдаларға, құрметті адамдарға шапан жабу – қазақтың ежелгі дәстүрі. Бірақ қазір оюмен бедерленген, құндыз жағалы, зерлі шапандарымыз да трендтен қалып барады. Оның орнына доллар шапандар сәнге айна-



лып келеді. Біраз уақыт бұрын әлеуметтік желіде АҚШ-тың Майами қаласында болған қазақтардың тойында түсірілген ерекше видео тарады. Осы тойда күйеу жігітке АҚШ валютасынан жасалған шапан жабылды. «Американың Майами қаласында қазақтардың үйлену тойы өтті, онда қонақтардың бірі сөздің тура мағынасында айтқанда, қымбат сыйлық жасады. Ол толығымен америкалық банкнотадан тұратын қолдан жасалған шапан сыйлады. Мұндайды сіз бұрын көрмегенсіз! Бір шапанға қанша доллар кетті екен?» делінген бейнежазбаның астына жазылған сипаттамасында.

Бұған дейін туған күн иелеріне арналған торттың ішінен теңге, доллар шығару да сәнге айналған еді. Одан қалды, тойларда шашудың орнына ақша шашу да таңсық болмай қалды. Өзбектің белгілі әншісі қазақтың тойына келіп, қалтасынан бір уыс ақшаны шашқаны, оны той қонақтары жапатармағай жинағаны да видеоға түсіп, желілерге тарап кеткен. Бұрын арабтың шейхтары доллар шашып той жасайды дегенді естуші едік, енді бұл үрдіс өзімізге де жетті.

Шетелдік құдалар

Соңғы жылдары шетелдіктермен жиі құда болып жүрміз. Қара нәсілділерге де, кәріс, қытай, түрік секілді өзге ұлт өкілдеріне де қыз беріп, қыз алысуға да етіміз үйренді. Тіпті, тойдың басты кейіпкерлері күйеубала мен қалыңдық өзге елде жүріп, өз тойларына онлайн арқылы қатысқандарын да көрдік. Ата-ана тіпті алыста жүрген ұл қыздары келмесе де, туған-туысына той жасайды. Биыл америкалықтармен құдаласқан қызықты той желіде хит болды. Мұхиттың ар жағынан келген құда-құдағилар қазақтан қыз алып,

қазақ тілін үйреніп, қара жорға билеп, бастан ауыз тиіп, мәз болып жүр.

АҚШ-тың Калифорния штатынан келген отбасы қазақ қызына құда түскен. Құдалық рәсімінде дастарханға қойдың басы әкелінеді. Осы кезде шетелдіктердің реакциясы ерекше болды. Әсіресе, күйеу жігіттің қарындасы өз эмоциясын жасыра алмады. Қазаққа құдаша болған бойжеткен бұл жағдайдың себебін қазақ тілінде түсіндіріп берді. Америкалық құдашаның есімі – Лиза. Ол Қазақстанда 1,5 жыл тұрған. Қазақ тілін сол кезде үйреніп алыпты. Қазір ол АҚШ-та тұрады. «Қойдың етін жақсы көремін. Негізі, ол кезде қасымдағы адамдар басқа қызық нәрсе айтты. Реакциям қойдың басы үшін емес еді. Өзім қойдың етін жеймін, өте дәмді», – дейді қазақша ойын еркін жеткізген шетелдік құдаша.

Міне, жомарттық

Қазақ халқы тойда жомарттық жасап, келген әр қонағын құр қол қайтармайды. Ал жағдайы жақсы, қалтасы қалың той иелері, оның ішінде белгілі блогерлер өз тойларында алтын-күміс, бриллиант, кіші қажылыққа жолдама секілді қонақты сыйлықтарды да кәмпит таратқандай үлестіріп жүр. Өзге елде тұрып жатқан белгілі блогер, ақын Айнұр ұлының тойына елден бүкіл әншілерді шақырып, дүркіретіп той жасады. Ал белгілі әнші Төреғалидың қарындасы ұзатылғанда құдалар бір-біріне киіп кигізгенде бірыңғай брендтерден сый жасады. Бұл той бірнеше ай желілерді жарды.

Биылғы айта жүрер тойлардың бірі – танымал блогер, психолог, кәсіпкер Балқия Балтабайдың тойы. Думанды той Алматының ең танымал мейрамханаларының бірінде өтті. Той қонақтарына тост берілмеді, тек ойын ойнатылып, қонақтарды билетіп, эстрада жұлдыздарының ән шашуы тойды шоуга айналдырды. Қайырымдылық істерімен жиі айналысатын блогер халықтың да сүйіктісіне айналғаны соншалық, жас жұбайлардың тойына еліміздің түкпір-түкпіріндегі халық қызығушылық танытқан. Тойды тамашалағысы келгендер үшін ондағы эфир ақылы түрде көрсетілді. Блогер тойға түскен қаржыны түгелімен Түркістан облысының Арыс қаласында салынып жатқан мешіттің құрылысына аударды. Сондай-ақ, жас жұбайлар тойда ата-аналарына, бірнеше той қонақтарына Ұмра қажылыққа жолдама сыйлады. Белсенді той қонақтарына ақша мен алтын таратылды.

● ТҮЙІН

Той – дәстүр, той – сыйластық, той – мәдениет. Дегенмен, тойхана салып, той жасаудан жалықпайтын халық екенімізді жаһанға жар салып келеміз. Қуанышты бөліскенге не жетсін, бірақ етек-жеңін жинаған, дамыған ел болу үшін тойдан да маңызды дүниелер барын ескерсек екен. Қазақта «тарта жесең, тай қалар, қоя жесең, қой қалар, қоймай жесең, не қалар?!» дейтін нақыл бар. Сондықтан тойды құр дақырт, дарақылыққа, ысырапшылдыққа айналдырмай, мәдениет пен имандылыққа негіздесек, нұр үстіне нұр болар еді.



МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Досбол
АТАЖАН

Мемориалдық тақта Медеу ауданы, Қарасай батыр және Пушкин көшелерінің қиылысындағы көрнекті тұлғалар тұрған үйде орнатылды. Салтанатты рәсімге Алматы қаласы әкімдігінің өкілі Арман Халбеков, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің директоры Медет Қуанышев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Жексембеұлы Еркімбаев және өзге де зиялылар, сондай-ақ қазақ қайраткерлерінің туған-туыстары қатысты.

– Бүгін біз КСРО халық артисі, XX

Алматыда кәсіби дирижер, көрнекті қайраткер, КСРО халық артисі, XX ғасырдағы қазақ музыкасының қайталанбас біртуар алып тұлғаларының бірі Шамғон Сағаддинұлы Қажығалиевтің және композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Тілес Шамғонұлы Қажығалиевтің құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Ғасырдағы қазақ музыкасының қайталанбас біртуар алып тұлғаларының бірі Шамғон Сағаддинұлы Қажығалиев және композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Тілес Шамғонұлы Қажығалиевтің тұрған үйіне мемориалдық тақта қою салтанатында бас қосып тұрмыз. Тілес Қажығалиев – қазіргі заманның дарынды композиторы. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның шығармашылық зиялыларының көрнекті өкілі. Дана халқымыз «Жақсыдан жақсы туар жаркылдаған» деп бекер айтпаса керек. Қос өнер әлемінің тарландарының өнегелі өмірі, жарқын бейнесі, ғибраты мол еңбектері халқымыздың жадында мәңгі сақталады, – деді Алматы қаласы әкімдігінің өкілі Арман Халбеков.

Сондай-ақ, мемориалдық тақтаның ашылу рәсімінен кейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің ғимаратында дирижер, профессор, КСРО халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Отан», «Парасат» ордендерінің иегері Шамғон Сағаддинұлы Қажығалиевтің 95 жылдығына арналған «Серпін» атты кеш өтті.

ҚҰРЫЛЫМ

ЖАҢА КОМИТЕТ

Бизнес пен ғылымды интеграциялауға ықпал ететін болады

Алматылық кәсіпкерлер палатасында инновация және креативті индустрияларды дамыту комитеті құрылады. Комитеттің бірінші отырысы мемлекеттік органдар, бизнес және ғылым өкілдерімен өтті. Жаңа комитет инновациялық тәсілдер мен әзірлемелерді дамыту шеңберінде бизнес пен ғылымды интеграциялауға ықпал ететін болады. Жұмыста 4 бағыт: инновация, креативті индустрия, IT-бағыт, инвестициялар болады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Комитет осы бағыттар бойынша мәселелер мен жобаларды қарайтын болады. Еске салсақ, Ұлттық палатаны трансформациялау аясында ҰКП Төралқа төрағасы Райымбек Баталовтың тапсырмасы бойынша өңірлердің ерекшелігін ескере отырып, бүкіл ел бойынша салалық комитеттер құрылады. Мақсаты – бизнеспен бірлесіп, салаларды дамыту бағдарламаларынан салалық сараптаманы күшейту. Комитеттер құрудың бұл бастамасы ҰКП-ның X съезінде қолдау тапты. Алматыда ӨКП базасында екінші салалық комитет өз жұмысын бастады.

«Алматыда үлкен инновациялық әлеует бар. Бүгінде кәсіпкерлер бизнес-процеске



инновациялық технологияларды, креативті тәсілдерді енгізуге тырысуда. Ақылды қаланың құрылысында инновациялар барлық жағынан жүйелі түрде көрінеді. Экоавтобустар, электр самолеттар, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу, жасанды интеллект, сервистік онлайн платформалар, гастрокарталар – қалада шағын және орта бизнесті дамытуда тиімді құралға айналып жатыр», – деп атап өтті Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов.

Өңірлік бөліністе шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің басым бөлігі Алматы қаласында шоғырланған – 206 мың бірлік немесе бүкіл Қазақстан көрсеткішінің 14,4%. Елдің шағын және орта заңды тұлғаларының 27%-ы оңтүстік астанада жұмыс істейді. Спикердің айтуынша, комитет жұмысының мақсаты – инновация мен креативті индустрияны дамыту мәселелерінде мемлекет, бизнес және ғылымның диалог алаңын құру. Міндеті – жобаларды коммерцияландыру бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді ілгерілету, Алматы аумағында жаңа, инновациялық кәсіпорындар мен жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу. Шараға қатысушылар инновация және креативті индустрияны дамыту комитетінің өңірлік мәселелерін талқылады.

БРИФИНГ

ЖАҢА ЖЫЛ ЖӘНЕ ПИРОТЕХНИКА

25 желтоқсаннан бастап сауда орындарында рейдтер ұйымдастырылады



Алматы құтқарушылары қала тұрғындарын жаңажылдық іс-шаралар кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өртке қарсы бақылау басқармасы басшысының орынбасары Ерболат Төртқараев айтты.

Құралай
ИМАНБЕКҒЫЗЫ

Спикердің айтуынша, Алматыда жыл сайын жаңа жылдық мереке күндері орта есеппен 11 өрт оқиғасы орын алады. Бұл ретте өрт оқиғаларының жалпы санының 18%-ға жуығы пиротехникалық бұйымдарды дұрыс пайдаланбау салдарынан болады. Соңғы 5 жылда 56 өрт шыққан, оның 10-ы пиротехника салдарынан болған. Басқарма өкілі статистикалық деректерге сүйене отырып, өткен жылғы жаңажылдық мереке кезінде пиротехникалық бұйымдарға салғырттық таныту салдарынан медициналық мекемелерге 39 адам (оның 29-ы балалар) жүгінген. Ауруханаға жатқызылған 8 адамның 7-еуі балалар екенін айтты.

Өрттердің алдын алу және ескерту, сондай-ақ пиротехникалық бұйымдарды дұрыс пайдаланбау салдарынан болатын жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында Алматы қаласы ТЖД азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру шаралары кешенін жүргізуде. Құтқарушылар адамдар көп жиналатын нысандарда орнатылған 72 жаңажылдық шыршаны есепке алды. Олардың өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі тексерілді. Алдын алу шараларын күшейту бойынша ұсыныстар берілді. Сондай-ақ, жаппай сырғанау үшін мұз айдындары ұйымдастырылатын 14 нысан назарға алынды. Осы нысандардың иелерімен жаппай іс-шаралар өткізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігі туралы профилактикалық әңгімелер жүргізілді.

Арнайы дүкендерден ғана сатып алыңыз

Алматы қалалық Полиция департаментімен бірлесіп «ПИРОТЕХНИКА» жедел-профилактикалық іс-шаралар жоспары келісіліп, бекітілді. Соған сәйкес, 25 желтоқсаннан бастап заң бұзушыларға жедел әрекет ету шараларын қолдана отырып, пиротехникалық бұйымдар сатылатын орындарда рейдтер ұйымдастырылады. Бұл ретте төтеншеліктер пиротехникалық бұйымдарды сатушылармен профилактикалық әңгімелесулер жүргізеді. Бұған дейін 20 кездесу мен «Дөңгелек үстелдер» өткізіліп, оның барысында пиротехникалық бұйымдарды сақтау және пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндірілді.

Брифинг барысында Ерболат Төртқараев Алматы тұрғындары мен қонақтарына пиротехникалық бұйымдарды арнайы дүкендерден ғана сатып алуға кеңес берді. Жазатайым жағдайлар орын алмас үшін сауда жасағанда

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ПИРОТЕХНИКАНЫ ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ:

- * Балалардың өз бетімен ракеталар мен петардаларды қосуына жол бермеңіз;
- * Қауіпті аймақ (50 метр) радиусында пиротехниканы қосуға кедергі болатын ештеңе жоғына көз жеткізіңіз;
- * Пиротехниканы тұтату кезінде ешқашан қораптың үстіне еңкеймеңіз;
- * Фитильді тұтату кезінде қол созым аралығындай орын қалдырыңыз;
- * Өнімді қатты жел кезінде қоспаңыз;
- * Пиротехниканы егер ол іске қосылмаған болса, қайта қосуға тырыспаңыз;
- * Ракеталар мен фейерверктерді адамдар мен жануарларға қараппаңыз, хлопушқаларды аяқ астына тастамаңыз;
- * Фейерверктерді қосу алаңы мен тұрғын үйлерге дейінгі ең аз қашықтық 50 метр болуы керек. Алаңда ағаштар, электр желілері және басқа да кедергілер болмауы керек, бұл отпашулар бағытын өзгерте алады.

өнімнің қаптамасының мыжылған немесе деформацияланбауын қадағалау керектігін ескертті. Өнімнің жарамдылық мерзіміне назар аудару, нұсқауларды мұқият оқу да төтенше жағдайдың алдын алады. Сондықтан пиротехниканы құрғақ үй-жайда және жылу көздерінен барынша алысырақ жерлерде сақтаған дұрыс.

Алғашқы медициналық көмек

Фейерверктер мен отпашулар – жаңажылдық мерекелердің айнаымас атрибуты. Кез келген пиротехникалық өнімнен өрт шығу немесе жаракат алу қаупі бар. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс травматолог ортопеді, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ травматология және ортопедия кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Қанат Тезекбаев егер жазатайым оқиға орын алған болса, дәрігер келгенге дейін ең алдымен не істеу керектігін егжей-тегжейлі түсіндірді. «Егер оқыс оқиға үйде орын алса, онда тез арада көздің шырышты қабатын бөлме температурасында көп мөлшерде қайнаған сумен шайып, таңғыш қою керек. Ал жазатайым оқиға көшеде орын алса, онда қол орамалы, мойын орағыш сияқты заттардан көзге таңғыш қою жеткілікті. Егер бұл заттардың біреуі де болмаса, көзді бас киіммен немесе қолмен жабуға болады. Әрі қарай тез арада медициналық көмекке жүгіну керек», – деп түсіндірді Қ.Тезекбаев.

Сонымен бірге, ол теріге жарылыс бөлшектері түсіп, термиялық күйік шалғанда және тері зақымданған жарақаттар кезінде не істеу керектігін де айтты.

«Теріге жарылыс бөлшектерінің түсуімен термиялық күйік болған жағдайда теріні ағыш тұрған сумен көп шаю және құрғақ асептикалық таңғышты қолдану ұсынылады. Егер апат көшеде орын алса, онда таза матаның бір бөлігінен таңғыш қойып қою керек. Майлы таңғыштарды қолдану, теріні арақпен, одеколонмен, ұнтақтар себу және мақта қолдану ұсынылмайды. Егер жаракат үйде терінің зақымдануынан болса, онда асептикалық таңғышты қолдану керек, егер апат көшеде болса, қолда бар заттардан таңғыш қолдану керек», – деді штаттан тыс ортопед-травматолог.



ЗЕЙІН ШАШКИН – 110 ЖЫЛ

Шыншыл қаламгер

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны, ерекше қолтаңбасы бар жазушылардың бірі – Зейін Шашкин. Тек қаламгер ғана емес, әдебиет зерттеушісі, драматург Зейін Шашкин өзінің қысқа ғана ғұмырында әдебиетке өлшеусіз үлес қосты. Биыл жазушының 110 жылдығы.

Баянауыл ауданының тумасы Зейін Шашкин 1912 жылдың 31 желтоқсанында дүниеге келіп, 1966 жылдың 29 наурызында Алматыда қайтыс болды. Оның тырнақалды еңбектері өткен ғасырдың отызыншы жылдары «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде жарияланды, «Әдебиет майданы» журналында өлеңдері, сын-зерттеу мақалалары, бірлі-жарымды әңгімелері жарық көрді. 1955–1966 жылдар аралығында жазушының қаламынан «Таң атты», «Ұядан ұшқанда», «Темірқазық», «Өмір тынысы», «Ақбота» повестері мен әңгімелер жинағы және «Тоқаш Бокин», «Теміртау», «Доктор Дарханов», «Сенім» сынды романдары туды.

Зейін Жүнісбекұлы сонау 1937 жылдары репрессия құрбандары болған Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мәжит Дәулетбаев, Өтебай Тұрманжанов, Сағыр Камалов, Құлмұрза Өтепов, Әлібек Қоңыратбаев сынды алаш зиялыларының ізбасары еді. Оған да нақақтан-нақақ жала жабылды. Осы сұрапыл жылдар жайлы жазушы Мұхамеджан Қаратаев: «1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігі, Жамбылдың шарықтаған ақындық даңқы, Сәкен Сейфуллин творчествосының 20 жылдығы сияқты мәдениет ортасын дүр сілкіндірген маңызды оқиғалар болған еді. Бірақ не керек, іле-шала сұрапыл 1937 жылдың ызғырығы басталып кетті. Бірінен кейін бірі: Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мәжит Дәулетбаев кетті, ақыры Өтебай Тұрманжанов, Сағыр Камалов, Құлмұрза Өтепов, Әлібек Қоңыратбаев кете берді, кете берді. Ең соңында Хамза Есенжанов пен Зейін Шашкин, олардың өкшесін басып мен де кеттім. Сәбит

пен Ғабит партиядан шығып «әшкереленді», жұмыстан қуылды. Бұл – 1938 жыл. Кеше жұп жазбай жүрген жолдас-жоралар суға кеткендей жым-жылас болдық. Сол кеткеннен хабар-ошарсыз араға 17 жыл салып, Алматыға 1955 жылы оралыппыз» деп жазды.

Зейін Шашкин әдебиеттегі ұлттық дәстүрді дамытуда жаңашылдығымен ерекшеленді, ол жаңа жанрдың қалыптасуының бастауында тұрған жазушылардың бірі болды. Қазақ прозасының драматургиясының, әдеби сын, очерк, публицистика саласының, әдебиеттану ғылымының өсіп-дамуына мол еңбек сіңіріп және дәрігерлік қызметті де атқарған белгілі тұлғаның еңбегі ұшан-теңіз.

Жазушы Мұхтар Әуезов Зейіннің шығармаларын «Зейін Шашкин оқиға құруға шебер, бос лауғы жоқ, тап-тұйнақтай етіп жазады» деп жоғары бағалаған. Қаламгер халық тағдыры, қазақ жерінің, қазақ елінің ащы бейнетпен сордан шуақ жайлау алқабына жету жолы, бүгінгі таңда өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы шарықтай шалқыған, мәдениеті марқайған іргелі ел болғандағы туралы тақырыптарды шығармаларына арқау етті. Жазушы шығармаларында заман ағымын сипаттайтын келелі мәселелерді қозғады, жаңа қаһармандардың бейнесін жасады. Зекеңнің шығармалары азаттық сарынымен, қызық, тартымды сюжетімен ғана емес, әлеуметтік, жеке адам өмірі, қаһармандар тағдырын суреттеу, олардың ішкі жан-дүниесіне үңілу шеберлігімен ерекшеленді.

Сөз өнерінің шебері З.Шашкиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеген С.Байжанов жазушының өзінің кез келген



Зейін Жүнісбекұлы естелігінен:

«Қайрат, қажыр дейтін әсіресе қиындықта қажет. Ол болмаса, мен мына өкпе ауруымен азап жағдайдан тірі қалар ма едім? Сол жағдайдың өзінде тырысып, тырбанып адам емдеуді үйреніп жан сақтадым ғой».

шығармасын жалаң қиялдап, суреткерлік фантазиядан тудырған жазушы емес деп бағалайды. «Зейін Шашкиннің қай шығармасын алып қарасақ та, өмірден алынған оқиғалар мен ақиқаттан тамыр тартады. Оның романдарындағы кейіпкерлер өмірде болған, бар адамдар. Бірсыпырасының тағдырлары, өмірбаян сұлбалары айна-қатесіз ұқсас. З.Шашкин өзіндік өзгешелік сипаттары көп жазушы. Әдебиетке ерте араласқанымен, әртүрлі себептермен, тікелей жазушылық кәсіппен кешеуілдеп барып айналысқан», – деп жазды ол.

Зейін Шашкиннің жары Мариям Шашкинаның естелігі:

Зейінді мен Зекең деймін. Бұрынғы күйеуім соғыстан оралған соң, ауыр жаракатынан қайтыс болды да, мен төрт баламен қалдым ғой. Осындай мазасыз шақтарда өмірімде Зекең пайда болды. Менің бір дос құрбым Зекеңнің жиен қарындасы болып шықты. Сол әйел Зейінді үйге алып келді, ол есіктен кіре сала мені көріп қарындасына: – Мәке, енді мені ешкімге таныстырмай-ақ қойыңыз, – деді. Бұған дейін біраз қыздармен таныстырған болуы керек, ешқайсысын ұнатпапты. Тек мені көргенде тандаған кісісіне жолыққан болып шығады. Бізді осылай тағдыр қосты. Бұрын тек төрт баланың қамымен үйде отырып қалған басым жаңа өмірге қайта ендім. Жағдайым түзеле бастады, әдеби кештерге, ғылыми ортаға келдім, небір айтулы адамдармен араластық. Зекең орта бойлы, арықша келген адам болатын. Мінезі де керемет еді ғой, жарықтықтың. Ешкімге дауыс көтеріп көрмеген адам, әсіресе, ол кішкентай балаларды қатты жақсы көрді. Тіпті, балалардың өз орны бар деп үлкен кісілерше ақылдасып, сөйлесетін.

Бүгінде Павлодар облысында орналасқан Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде жазушының жеке заттары сақтаулы. Музей басшысы Ербол Қайыров дарынды тұлғаның бірнеше қолжазбалары мен өзі тұтынған заттарын Алматыда тұратын жазушының қарындасы Мәкиза Шашкинадан алған екен. Алматыдағы бұрынғы Университетская, 2-ші Көктем көшелеріне қазақтың көрнекті жазушысы Зейін Жүнісбекұлы Шашкиннің есімі 1997 жылы берілген.

ТАЛҒАТ БЕГЕЛДИНОВ – 100 ЖЫЛ

АСПАН АЛЫБЫ

Қазақ халқы аты аңызға айналған батырларға кенде емес. Алайда, көк жүзінде қырандай самғап, жауға тойтарыс берген ұшқыш-батырлар әлемде санаулы ғана. Осындай аспан алыптарының бірі де бірегейі – Талғат Бегелдинов. Қазақтан шыққан қаһарманның биылғы 100 жылдық мерейтойына орай «Аспанда үрей дегенді білмеген» деп аталатын кітап жарық көрді. Кітаптың тұсаукесері Алматыдағы Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-де өтті.



Орындыбике БЕГЕЛДИНОВА, кітаптың авторы:

ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ТӨРІНЕН ОРЫН АЛСА ДЕЙМІН!

Талғат Бегелдинов сынды тарихи тұлғаның кітабының тұсаукесеріне келіп, атсалысып жатқан әрбір жанға алғысымды білдіремін. Бұл батырдың рухына жасап жатқан тағзым деп түсінемін. Кітапты мен даңқты тұлға, екі мәрте КСРО батыры, ұшқыш Талғат Бегелдиновтың өз аузынан жазып алған оқиғалары негізінде жазып шықтым. Біз ол кісімен 1994 жылдан 2014 жылға дейін, өмірден өткенше бірге өмір сүрдік. Уақыт көзі ашып-жұмғанша өте шықты. Аспанды бағындырған батырдың жарқын бейнесі, оның әрбір ерлігі ешқашан халық жадынан өшпейді. Кітапты жазудағы мақсатым да – өскелең ұрпаққа батырдың Отанға деген сүйіспеншілігін, батырлық тұлғасын насихаттау. Бұл – Ұлы Отан соғысындағы шабуылшы ұшқыштардың ерлігіне арналған тарихи кітап. Мұнда ұшқыштың соғыс кезіндегі әрбір оқиғасы, майдангер достарымен қарым-қатынасы, өз ісіне деген жауапкершілігі, ел мен жер үшін жанқиярлығы суреттеледі. Кітапта батыр мен оның замандастарының жеңіске деген шексіз ерік-жігері туралы қызықты оқиғалары баяндалады. Соғыста ар мен адалдық, намыс пен өрлік сынға түседі емес пе? Талғат ағаларыңыз нағыз

ерліктің үлгісін көрсетіп кетті. Оның өмірден өткеніне 8 жылдай уақыт болса да, әлі күнге жанымызда жүргендей. Ол өзіне тән ширақ жүрісімен бөлмеге кіріп келіп, ескі альбомдарын ақтарып, достарын, жастық шағын, жеңіске жеткен кезіндегі шаттыққа толы сәттерін еске алып отыратындай болып көрінеді. Жарымның жанымда жоқ екеніне әлі сене алмаймын. Көк аспанды шарлай ұшқан батырдың әңгімесін бар ықыласыммен тындаушы едім. Бұл кітапта мұрағатта сақталған кейбір деректер де қамтылды. Бүгінгі ұрпаққа алаңсыз бейбіт өмірді сыйлап кеткен биік тұлғаның өмірі мен еңбегі, ерлігі мен қайсарлығы, білімділігі жастарға үлгі-өнеге деп санаймын. Сондықтан осы еңбек қазақтың әр үйінде төрден орын алса екен деп тілеймін.



Білім ордасында өткен жиынға Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Қалбеков, қалалық полиция департаментінің өкілі Арнұр Бақытбек, сондай-ақ қаладағы жоғары оқу орындарының ректорлары, әскери оқу орындарының ардагер ұстаздары мен әскери ұшқыштар, студенттер қатысты. ҚазҰТУ ректоры Мейрам Бегентаев мырза және жоғары оқу орнының ақсақалдар алқасы кітапты көпшілікке таныстырып, авторына алғыс білдірді. «Аспанда үрей дегенді білмеген» деген атаумен шыққан кітаптың авторы ұшқыштың жары – Орындыбике Жекенқызы Бегелдинова. Автор кітаптың тұсаукесерін өткізуге Қазақ ұлттық техникалық университетін әдейі тандағанын айтты. Өйткені, осы оқу ордасында Талғат Якупбекұлының ізі қалған.

Бетті әзірлеген Айнұр НҮРСАБЕТ.



БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

«ALMA CUP-2022»

Қалалық чемпионатының жеңімпаздары анықталды



Ақтолық ТҮРЛІҒАЗЫ

«Alma CUP» қалалық чемпионатының негізгі мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың бос уақытын ұйымдастыру және олардың бұқаралық спортқа қызығушылығын арттыру, спорт саласының үздік жастарын анықтау болып табылады. Бүгінде еліміздің абыройын көтеріп жүрген Олимпиада және Әлем чемпиондарының ізбасарлары «Alma CUP» сынды спорттық сайыстарда шыңдалады, тәжірибе жинақтай отырып, қарсыластарын тануға мүмкіндік береді. Осы тұста «Алматы студенттер Альянсы» қала әкімдігінің қолдауымен жас таланттардың жеңіске деген ұмтылыстарын шыңдау мақсатында футбол, волейбол, баскетбол және киберспорт ойындарының келесідей жеңімпаздарын бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Спорттық жастардың драйвері болып табылатын футбол бойынша турнирде қаламыздың үздік 32 футбол командасының арасынан озып шығып, 3-орынды иеленген Тұран университетінің құрамасы, 2-орын алған FC Kartop командасы және 1-орын иегері «Қайрат Жастар» командасының әр ойыншысы арнайы медальдармен, кубокпен және 1 100 000 теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. Сонымен қатар, «Үздік бомбардир» номинациясы «Картон» командасынан Райымбек Мадияр және Бақдәулет Жүзбайға, «Үздік қақпашы» номинациясы «Satbayev University» командасының қақпашысы Орынбасар Нұрболатқа және «Үздік ойыншы» номинациясы «Қайрат Жастар» командасының ойыншысы Иманбеков Алмасқа бұйырды, оларға 50 000 теңгеден ақшалай сыйлықтар табысталды.

Ал волейбол және баскетбол турнирінде 64 ерлер және қыздар командалары арасынан жеңімпаз болған аламанда барлығы 2400 000 ақшалай сыйлыққа ие болып, жеңімпаз кубоктары мен әр қатысушыға арналған медальдардың иегері атанды. Баскетбол ойындарының мыңнан тұлпар, жүзден жүйріктері болғандар: ерлер арасында 3-орынға Қазақ спорт және туризм академиясының құрамасы, 2-орынға IMS командасы және 1-орынға Абай атындағы ҚазҰПУ командасы жайғасты. Сондай-ақ, қыздар арасында 3-орынды Қазақ спорт және туризм академиясы командасы, 2-орынды

2022 жылдың 20 желтоқсанында Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен, «Алматы студенттер Альянсы» корпоративтік қорының ұйымдастыруымен өткен «Alma CUP» қалалық чемпионатының жеңімпаздары арнайы кубоктармен, медальдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.



YUVA командасы, ал үздіктерден суырылып шығып, 1-орынды Squirrels KazNU командасы иеленді. Ал волейбол ойындарының нәтижесінде ерлер арасындағы жүлделі орын иегерлері: 3-орынды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2-орынды Қазақ спорт және туризм академиясы, 1-орынды Алматы полиграфия колледжі болды. Қыздар арасында 3-орынды С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, 2-орынды «ZhaStar» еркін құрамасы және 1-орынды Қазақстан спорт және туризм академиясының құрамасы қанжығалады.

«ALMA CUP» чемпионаты аясында 2 күнге созылған Киберспорт турнирінің нәтижесінде 3-орынды «5G1L» командасы, 2-орынды «SIGMA 16» иеленді және «Aziz-reek» командасы аталмыш турнирдің чемпионы атанды. Сәйкесінше, аталған командалардың зияткер ойыншылары арнайы медальдармен, кубокпен және жалпы сомасы 600 000 теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Турнирдің барлық ойындары Қазақстан спорт федерациясының ережелеріне сәйкес үздік спорт шеберлерінің төрелігімен өткізілген болатын. Осы орайда, турнирлердің амбассадорлары – Бектияр Бахытов, Лаша Казиаишвили, Синельникова Галина, Ахмет-карим Марта және барлық төрешілер Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Естеріңізге сала кетейік, «Alma CUP» қалалық чемпионаты 8–20 желтоқсан аралығында футбол, киберспорт, баскетбол және волейбол спорт түрлерінен 1000-нан аса қаламыздың ең үздік жастарының қатысуымен өткен болатын. Жалпы, аталған төрт спорт түрінің әрқайсысынан 100-ге жуық өтінім келіп түсті, солардың ішінен 32 үздік команда іріктеліп алынды. Қатысушылардың басым бөлігі ЖОО, колледж студенттерінен құралған, оған қоса, 8 мектеп және 2 әскери академия командалары, ал қалған бөлігі әр түрлі ұйымдар қызметкерлерінің әуесқой командаларынан жинақталды. Олардың арасында «Жайдарман», «Картон ТВ», Базар жастары, «Магнум» және «Отбасы банкі», «Француз үйі» қызметкерлері, сонымен қатар «Экспресс К» журналистерден құралған командалар өзара бақ сынасты.

Барлық жеңімпаздарды жеңістерімен құттықтай отырып, еліміздің туын биікте желбіретер чемпиондар болуын тілейміз!

ЕРЕЖЕСІЗ ЖЕКПЕ-ЖЕК

ОҒЛАНЫМЫЗ ҮЗДІКТЕР ТІЗІМІНДЕ

Қазақ спорты дамып келеді. Әсіресе, ерлер арасындағы ережесіз жекпе-жектен қарқынымыз жақсы. Әрине, тіл-көзіміз тасқа. Дейтұрғанмен, отандасымыз Шавкат Рахмоновтың аяқ алысы көпті өзіне тәнті етуде.



4. Леон Эдвардс – Камару Усман 3;
5. Хамзат Чимаев – Шавкат Рахмонов.

Тегі шешен швед файтері Хамзат Чимаев (12-0, 6-0 UFC) пен қазақстандық Шавкат Рахмонов (16-0, 4-0 UFC) UFC-де жартылай орта салмақта өнер көрсетеді. Лига рейтингісінде Чимаев үшінші, Рахмонов оныншы орында тұр.

Алдағы жекпе-жекті күтіп жүрген жанкүйерлер көп. Сондықтан қазақ елінің намысын ешкімге бермейді деп сенеміз. Сонымен бірге, көпшіліктің тілегі, ниеті сегіз бұрышта демеу болар. Бір сөзбен айтқанда, Шавкаттың осыған дейінгі төбелестерінде шеберлік байқалады. Құр шеберлік емес,

біршама ысылғанын, жанадан әдіс-тәсілдерді игергендігін аңғарамыз. Бір жағынан Хамзат Чимаев та оңай қарсылас емес. Оның да біліктілігін, бұған дейінгі жетістіктері мен тактикасын бағамдаған абзал. Әйтпесе, жеңісті іліп ала кетуі ғажап болмай қалуы ықтимал. Сондықтан осындай алаңдаушылықтар спортсүйер қауымның тарапынан да сезіліп жүр. Қазаққа «болат қайнауда, батыр майданда шынығады» деген аталы сөз бар. Ұлағатты сөздің тамыры тереңде. Сол себепті де, босансуға еш негіз жоқ. Егер жеңістің туы біздің тарапқа өтсе, онда отандасымыздың айбыны асқақтай түсері анық. Келер 2023 жылы ол рейтингті жоғары көтеріп, көш бастап та қалар.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

CBS Sports басылымы 2023 жылы жанкүйерлер көргісі келетін бес үздік UFC жекпе-жегін атады, деп жазады Prosports.kz. Тізімде қазақстандық Шавкат Рахмонов пен швед файтері Хамзат Чимаев арасында өтуі мүмкін жекпе-жек те бар. Батырымыздың қатысуымен өтетін кездесу аталған рейтингте төртінші орында тұр.

Көпшілік асыға күткен бес жекпе-жек:

1. Конор МакГрегор – Майкл Чендер;
2. Франсис Нганну – Джон Джонс;
3. Хамзат Чимаев – Колби Ковингтон;

ШАХМАТ

АҚЫЛ-ОЙ ЖҮЙРІКТЕРІ АЛМАТЫДА

Шаһарда шахматтан
Әлем біріншілігі өтеді

25–30 желтоқсан күндері Алматы қаласында рапид және блиц шахматтарынан Әлем чемпионаты өтеді. 50 мемлекеттен келетін шахматшылар чемпион атағы үшін күреседі. Турнир ФИДЕ аясында Балуан Шолақ спорт және мәдениет сарайында өтеді. Жүлде қоры – 1 миллион доллар. Ашық турнирлерге 176 ойыншы, ал әйелдер турниріне 98 шахматшы қатысады.

Чемпионатта жеңіске үміткерлер – қазіргі әлем чемпионы Магнус Карлсен (Норвегия, желтоқсандық тізімдегі рейтингі 2859), Хикара Накамура (АҚШ, 2768), Фабиана Каруана (АҚШ, 2766), Ян Непомнящий (ФИДЕ, 2793), Аниш Гири (Нидерланд, 2764), Александр Гришук (ФИДЕ, 2745), Шахрияр Мамедьяров (Әзербайжан, 2740), Ян-Кшиштоф Дуда (Польша, 2729), Юй Яньйи (Қытай, 2728), қазіргі чемпион Максим Вашье-Лаграв (Франция, 2737 – блиц), сонымен қатар басқа да атакты шахматшылар.

Әйелдер арасында Александра Горячкина (ФИДЕ, 2584), Катерина Лагно (ФИДЕ, 2563), Хампи Конеру (Үндістан, 2572), Тан Жонгуй (Қытай, 2518), Нана Дзагнидзе (Грузия, 2517), Харика Дронавали (Үндістан, 2507), Жансая Әбдімәлік (Қазақстан, 2496), Сарасадат Хамедальшарьех (Иран, 2490), Антоанета Стефанова (Бұлғария, 2442), қазіргі чемпиондар Александра Костейнюк (ФИДЕ, 2520 – рапид) және Бибисара Асаубаева (Қазақстан, 2440) сияқты даңқты спортшылар және де басқа да мықты шахматшылар ойнайды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.





КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ!

«Медикер Алатау» ЖШС:

- бас дәрігер (директор, меңгеруші, басшы);
- дәрігер-эпидемиолог;
- дәрігер-статистик іздейді.

Тел.: 8 (727) 356-11-77, 8 707 655 21 12.

№4 қалалық емханаға:

- балалар невропатологі керек

Тел.: 8 (727) 312-24-75, 8 702 188 74 39.

«Dala Project» ЖШС-ға:

- бухгалтер керек.

Тел.: 8 701 309 12 72.

Қазақ ұлттық аграрлық университетіне:

- экономист қажет.

Тел.: 8 (727) 262-16-40.

«Ком-сервис» ЖШС-ға:

- ПТО инженері керек.

Тел.: 8 (727) 227-75-00, 8 771 709 95 95.

«Балалар әлемі – ҚАЗАҚСТАН» ЖШС-не:

- қоймашы керек.

Тел.: 8 (717) 200-00-00.

Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжіне:

- сәулет және құрылыс саласының өндірістік оқыту шебері;
- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары керек.

Тел.: 8 (727) 275-57-00, 8 705 561 34 96.

№178 мамандандырылған лицейіне:

- мектеп психологі керек.

Тел.: 8 702 980 67 14.

«С E R A M A W O O D» ЖШС-не:

- қойма меңгерушісі керек.

Тел.: 8 701 485 98 00.

«Садыхан Премиум» ЖШС-не:

- қоймашы;
- тауарларды жинақтаушы;
- фармацевт (орта білікті);
- санитарка керек.

Тел.: 8 (727) 251-55-61, 8 777 207 12 79.

№18 қалалық емханасына:

- бас экономист керек.

Тел.: 8 776 022 77 22.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржы ұйымы» ЖШС-не:

- қаржылық талдаушы керек.

Тел.: 8 (727) 331-74-74, 8 701 301 81 84.

Ұлттық ғылыми-тәжірибелік коррекциялық педагогика орталығына:

- тәрбиеші керек.

Тел.: 8 (727) 394-45 17.

«Нәзік» ЖШС-не:

- инженер-энергетик керек.

Тел.: 8 (727) 233-18-73.

«Hightower» ЖШС-не:

- кассир керек.

Тел.: 8 747 080 13 37.

«И М С Т А Л Ь К О Н» ЖШС-не:

- токарь керек.

Тел.: 8 (727) 338-77-33.

«KAZKONT» ЖШС-не:

- бас дәнекерлеуші керек.

Тел.: 8 707 525 17 17.

«БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ БАСҚАРМАСЫ» ЖШС-ға:

- билет бақылаушысы керек.

Тел.: 8 (727) 338-51-58, 8 701 034 83 17.

«BONFOOD DISTRIBUTION» ЖШС-не:

- кассалар супервайзері керек.

Тел.: 8 (727) 247-78-60, 8 705 999 79 60.

«С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ-ға:

- фельдшер;
- сату жөніндегі менеджер;
- спектрлік талдау инженері;
- ішкі аудит қызметінің басшысы;
- комплаенс офицері керек.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

КӨҢІЛ АЙТУ

ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЗА

Қазақстан теңіз геофизикасының негізін қалаушы **Сағынғали Тарбаевтың** қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Инженер-геофизик, Қазақ политехникалық институтының түлегі Сағынғали Тарбаев – ұзақ жылдар бойы теңіз геофизикасының дамуына, ел экономикасының нығаюына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер. Ұзақ жылдар бойғы табанды еңбегінің арқасында «Қазақстанның мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» атағына ие болды.

Өз өмірін адал және абыроймен өткізген, өзінің жақсы істерінің жемісін қалдырған адамның жарқын естеліктері әрқашан мәңгі болмақ.

Алматы қаласы музейлер бірлестігі ұжымы атынан директордың орынбасары Қайрат Сағынғалиұлына және туған туыстары мен отбасына қайғырып, көңіл білдіреміз.

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК ұжымы.



СЕНБІЛІК САУАЛНАМА

«МЕДЕУГЕ» БАРДЫҢЫЗ БА?

Сырғанау маусымы ашылғалы бері 18 шақырымды артқа тастап, «Медеу» мұз айдынына қарай жол тартатын алматылықтар көбейді. Біз оны әлеуметтік желілерге жүктеген көпшіліктің бейнежазбалары мен суреттерінен де байқадық. Әрине, қыс қызығы таусылмайды. Дегенмен, салауатты өмір салтын ұстанып, таза ауада демалудың жөні шынымен де бір бөлек. Ал сіз ше, «Медеуге» бардыңыз ба?, «Сізге мұз айдыны несімен ұнайды?». Қала тұрғындарына жолдаған сауалымызға төмендегідей жауап алдық.



Ақзеріп ӘЛИҚЫЗЫ,
№17 мектептің бастауыш
сынып мұғалімі:

ӘЛІ ТАЛАЙ
БАРАМЫЗ

Таза ауада демалу адам ағзасы үшін өте пайдалы. Мәселен, қыс кезіндегі физикалық белсенділік ағзамыздың нығайтуына, тұмауға қарсы тұруға өте пайдалы. «Медеуге» өткен сенбіде жолдастарымызбен бардық. Дәл сол күні аспаннан жапалақтап қар жауып тұрды. Енді алған әсерімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Керемет! Аяғына бірінші рет коньки кигендер құлап қала берген соң, әлгі сүйенетін арнайы құралдарды жалға алды. Жиі келетіндер мұз үстінде қалықтап сырғанады... Өте қызық болды! Естелік болсын деп суретке де түстік. Қазір өзі барған-көрген жерінді әлеужеліге салу сәнге айналды ғой. Елден қалмай мен де жүктеп қойдым. Мұз айдыны, міне, осындай көтеріңкі көңіл күй сыйлай білетін ғажайыптарымен ерекше! Коньки тебуге қыс біткенше әлі талай барамыз. Ол – анық.

Аида ҚАНАҒАТҚЫЗЫ,
кино саласының маманы:

ӘРІ ДЕМАЛЫС,
ӘРІ СПОРТ



Менің ойымша, «Медеуге» коньки тебуге жай ғана ойын, ермек деп қарауға болмайды. Коньки тепсең аяғың мен арқаң, сосын белің үнемі қозғалыста болады. Пресс, іштің қиғаш бұлшықеттерін жаттықтырады. Әрі демаласың, әрі спортпен шұғылданысың дегендей... Қысқасы, денсаулығыңды жақсартуға таптырмас мүмкіндік. Отбасыңмен барсаң тіпті ғажап! Өзіңіз де жақсы білесіз ғой, қазір бала біткеннің барлығы гаджетке тәуелді. Артық далаға шығып ойнамайды. Кеше әлеуметтік желіден бір дәрігер маманның кеңесін естіп қалдым. Балаларды телефонға тәуелділіктен қорғау үшін таза ауа-

да көп ойнату керек дейді. Рас, келісемін. Бала емес, үлкендердің өзі бір-бірімен сөйлесуден қалып барады емес пе?! Мұндай әрекет болашағымыз үшін қауіпті. Сондықтан телефон қарап үйде отыра бергенше, бір мезгіл балаларды пайдасы зор осындай орындарға апарып тұрған дұрыс. Ал оған мүмкіндік жасау – біздің, яғни ата-ананың міндеті. «Медеу» ашылғалы бері бірнеше рет бардық. Тағы да барайықшы деп жүр. Жоспарымызда әлі де бар.

Алтынгүл
НҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ,
№184 бөбекжайдың
тәрбиешісі:

ТЕГІН
ҮЙІРМЕЛЕР
БОЛСА...



«Медеу» мұз айдынының Пұсырмановтың есімімен аталатынын тарихтан жақсы білеміз. Мұз айдыны көпшілікке тамаша көңіл күй, сергектік сыйлаудан шаршаған емес. Конькиді жақсы себе алмасақ та, біз «Медеуге» жылда барамыз. Ол жақ күндегі қарбалас тірлікті бір сәтке болса да ұмыттырады. Бөлек әлемге жетелейді. Қазір қаланың ішінде де жасанды мұз айдындар көптеп ашылып жатыр. Ағзасы енді дамып жатқан балалар үшін мұндай ойын алаңы жақсы

ғой. Өкініштісі, бізде сырғанауға қызығатындар аз. Өйткені, көбі коньки тебуге білмейді. Оған бару үшін сәл де болса, икем, коньки тебуге қыр-сырын меңгеру қажет деп ойлайды. Мен осы сәтті пайдаланып, балаларға коньки үйрететін тегін үйірмелер ашылса деп спорт басқармасына ұсыныс айтқым келеді. Кім біледі, арамызда мәнерлеп сырғанаудың небір шеберлері жүрген шығар...



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚЫСТЫҢ СӘНІ – СЫРҒАНАҚ

Мегаполисте тегін мұз айдындары ашылды

Алматыда қала тұрғындары мен қонақтары үшін төрт жерде тегін мұз айдыны ашылды:

- Тұңғыш Президент саябағының алдында;
- Республика сарайының алдында;
- Әуезов ауданында Ықылас, 8 Д мекенжайы бойынша «Тауғұл» ш/а;
- «Шұғыла» ш/а, 347 мекенжайы бойынша Наурызбай ауданы әкімдігінің алдында.

Келесі аптада Түркісіб ауданы Сейфуллин, 13 мекенжайы бойынша №6 Оқушылар үйінің алдында және Жетісу ауданында «Гүлдер» саябағында мұз айдындары ашылады.

Кіру – тегін, конькиді жалға алу құны (2 сағат) – 1000 теңге. Ал өз конькилерімен келгендерге тегін.

Жалға беру пункттері жұмыс күндері 10.00-ден 22.00-ге дейін және демалыс күндері 10.00-ден 23.00-ге дейін ашық болады.

Мұз айдындары тәулік бойы жұмыс істейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Аружан АМАН, студент:

КОНЬКИ ТЕБУГЕ
ҚОРҚАМЫН

Шынымды айтайын, «Медеуге» барсам да коньки теппеймін. Өйткені, қорқамын. Неге дейсіз ғой, қайбір жылы қыс кезінде көлік апатына түсіп, Папанин көшесіндегі №4 ауруханада жатқанмын. Сонда коньки тебем деп тобығын шығарып, аяғын сындырып алған жас та, бала да көп түскен. Сондағы қасымда жатқан жас қыз «өзім барып, ақшаға сатып алған ауру бұл...» деп жылағаны әлі есімде. Жазым деген аяқасты ғой. Өйтпесе, кім құлағысы келеді дейсіз... Міне, сол күннен бері коньки теппеймін деп шешкенмін. Бірақ қатты қызығамын...

Нұржан СӘДУАҚАСҰЛЫ,
жеке кәсіпкер:

БІЗДІҢ
МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

Біле білсеңіз, коньки тебу – көңіл көтерудің тамаша әдісі. Бірақ бізде коньки спорты дамымаған. Өйткені, байрақты бәсекелерде мұз бетінде мәнерлеп сырғанаған танымал спортшылар жоқ. Болса да, некен-саяқ шығар. Маған бұл спорт түрі жалынан ұстата бермейтін асау арғымақ секілді көрінеді. Сондықтан шығар, мәнерлеп сырғанауға онша ешкімнің бара бермейтіні. Егер небәрі бір сағат коньки тепсеңіз, сіз бірнеше сағат бойы жүгіргенде кететін калорияны кетіреді екенсіз. Сосын бір байқағаным, конькимен сырғанағанда тізе көп жарақаттанбайды. Керісінше, аяқ пен сан және жамбастағы бұлшық еттерді дамытады. Арқадағы және іштей бұлшық еттерің ширығып, ағзаң суыққа төзімді болады екен. Мұның барлығын мен өз тәжірибемнен айтып отырмын. Отбасымызбен жақында ғана барып қайттық. Содан кейін үйге қонақтар келсе, міндетті түрде «Медеуге» апарамыз. Бұл біздің отбасылық дәстүрге айналған. «Медеу» – біздің мақтанышымыз ғой.



Сауалнаманы жүргізген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.